

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Балаларға экологиялық білім берудің заманауи
бағыттары: энергияның балама көздері**

Әдістемелік ұсынымдар

**Современные направления экологического образования
детей: альтернативные источники энергии**

Методические рекомендации

Астана қ., 2015

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларға экологиялық білім берудің заманауи бағыттары: энергияның балама көздері» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015., - 128 бет.

Методические рекомендации «Современные направления экологического образования детей: альтернативные источники энергии» (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2015., - 128 стр.

Рецензенты: Вольф Л.А., к.б.н.
Цыганов А.П., к.п.н., доцент.
Бакирова К.Ш., д.п.н., профессор.

«Балаларға экологиялық білім берудің заманауи бағыттары: энергияның балама көздері» әдістемелік ұсынымдар ұсынымдарында экологиялық білім берудегі энергияның балама көздерін қолданудың халықаралық тәжірибелерін ашып көрсететін материалдар берілген, балаларға қосымша білім беру бойынша білім алушыларға экологиялық тәрбие берудің түрлері мен әдістері суреттелген.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім берудің әдіскерлері мен педагогтеріне ұсынылады.

В методических рекомендациях «Современные направления экологического образования детей: альтернативные источники энергии» представлены материалы, освещающие международный и отечественный опыт использования альтернативных источников энергии в экологическом образовании, описаны формы и методы экологического воспитания обучающихся в системе дополнительного образования детей.

Методические рекомендации рекомендованы методистам и педагогам дополнительного образования детей.

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2015 ж.21.05. № 2 хаттама)*

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования
(Протокол №2 от 21 мая 2015 года)*

© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК., 2015

Мазмұны

Кіріспе	4
Білім алушылардың экологиялық білім және тәрбие проблемалары	6
Қоршаған орта саласындағы білім берудің шетелдік тәжірибесі	7
Қазақстан Республикасындағы балалардың экологиялық білімі мен тәрбиесі	11
Экологиялық тәрбиенің формалары мен әдістері	15
Экологиялық білімнің сатылары және білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын жалпы талаптар	18
SPARE халықаралық экологиялық білім беру бағдарламасы бойынша әдістемелік ұсынымдар	21
Қорытынды	26
Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі	28
Қосымшалар	30

Содержание

Введение	60
Проблемы экологического образования и воспитания обучающихся	61
Зарубежный опыт образования в области окружающей среды	63
Экологическое образование и воспитание детей в Республике Казахстан	67
Формы и методы экологического воспитания	71
Ступени экологического образования и общие требования к уровню подготовки обучающихся.	75
Методические рекомендации по международной экологической образовательной программе SPARE	78
Заключение	83
Список используемой и рекомендуемой литературы	85
Приложения	87

Кіріспе



Осы жерді, осы суды сақтаңдар,
Қылтанақты да сүйе білiңдер.
Табиғаттағы барлық жандарды сақтаңдар,
Тек ішіңіздегі айуандарды өлтіріңдер.
Е. Евтушенко

Экологиялық білім беру – қазіргі білім берудегі ең серпінді дамушы компонент болып табылады. Қазіргі экологиялық жағдай экологиялық ойлауды, барлық ғылымдардың экологияландыруын, адамзат қызметіндегі барлық салаларды қалыптастыру шиеленіскен қажеттілігін анықтайды. Сондықтан мемлекеттің білім беру жүйесін дамытуда басымды бағыты болып табылатын жалпыға бірдей үздіксіз экологиялық білім беру проблемасы өзекті болып тұр. Бүгін Қазақстан Республикасында ғылыми және практикалық білімді, сонымен қатар құндылықты бағдарлауды қалыптастыруға бағытталған әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарды біріктіретін үздіксіз экологиялық білім және тәрбие жүйесі қалыптастырылған. Осының бәрі қоршаған ортаға жауапты қарауға ықпалын тигізеді.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» даму стратегиясында «жастар мен өскелең ұрпаққа назар аудару қажеттілігін» атап өтті. Өскелең ұрпақтың экологиялық санасын әлеуметтік маңызды тұлға ретіндегі процесте қалыптастыру керек және бұл міндет толықтай педагогке және оның дайындық сапасына байланысты. Қазақстан Республикасы жаңа форматтағы педагогтің үздіксіз білім беру Тұжырымдамасында: «Еліміздің білім берудің шиеленіскен проблемасы, педагогикалық кадрлардың дайындау сапасын арттыру қажеттілігі әлемдік білімдік кеңістігіндегі үрдістерге сәйкес оның реформалауын талап етеді» [2].

Әдістемелік ұсынымдар педагогке өз жұмыстарында SPARE/ШПИРЕ идеяларын іске асыруға, ғаламдық проблемаларды

талқылаудан білім алушылардың тәжірибелік іс-әрекеттерге көшуге, табиғат үшін тым аса қауіпті зиян әкелмейтін салдарынан энергетикалық қызмет көрсетуде біздің қажеттілігімізді қалай қанағаттандыруға болады деген сұраққа жауап табуға көмектеседі.

Әдістемелік ұсынымдарда қоғамның өмірі мен дамуы үшін энергияның маңыздылығы, оның табу тәсілдерін білу, жасау, беру және пайдалану; сонымен қатар энергия үнемдеудің құқықтық базасымен таныстыру, энергия үнемдеу технологияларды шаруашылықта, тұрмыста пайдалану, энергетиканың экологиялық аспектілерін қарастыру, климаттың өзгеру себептері мен салдарын, энергия пайдалану және энергия үнемдеу перспективаларын, энергияның альтернативті көздерін пайдалану бойынша мәселелерді зерттеу қарастырылған. Әдістемелік ұсынымдар қосымша білім берудің әдіскерлері мен педагогтеріне арналған.

Білім алушылардың экологиялық білім мен тәрбиесінің проблемалары

Бүгін бұрын-соңды болмағандай адамзаттың алдында табиғатқа деген көзқарасты өзгерту қажеттілігі және жаңа ұрпаққа сәйкес тәрбие мен білім беру жөнінде мәселе туындайды. Қазіргі күрделі, алуан түрлілік, серпінді, қайшылық әлемде қоршаған ортаның проблемалары күрделі ауқымды болып тұр. Адамзаттың даму негізі адам мен табиғаттың ынтымақтастығы болуға тиіс. Біздің қоғамның әрі қарай дамуы табиғатпен үйлесімді қатар өмір сүруде екенін әрбір адам түсіне білу керек.

Адамға қажетті жаңа білім, құндылықтардың жаңа жүйесін балалық шақтан бастап тәрбиелеу керек. Балалық шақтан бастап табиғатпен, оның заңдарымен, принциптерімен үйлесімділікте тұруға үйрену керек.

Қазіргі мектептерде барлық жас ерекшеліктерді қамтитын экологиялық білім мен тәрбие басымды болуға тиіс. Экологиялық білімді бәрі меңгеруге керек.

Мектеп міндеті тек қана экология пәні бойынша тиісті білімді қалыптастыру емес, табиғат құбылыстарына ғылыми анализ жасауда дағдыларды қалыптастыруға ықпал ету, қоғам мен табиғаттың өзара байланысын түсіне білу, табиғатқа тәжірибелі көмек көрсетудің маңыздылығын түсіну. Қазіргі уақытта мектептегі тәрбие жұмыстарын экологияландыру мектептің білім беру жүйесін дамытуда басты бір бағыты болып табылады.

Экология көптеген жағдайда «макроэкология» ретінде түсініледі, яғни жалпы және қолданбалы экологияны біріктіретін пәнаралық кешен.

Бірақ әбден түсінікті оқушыны сабақтарда макроэкологияға үйрету мүмкін емес. Жұмыстың басқа тәсілдері мен формалары қажет: үйірмедегі сабақтар, табиғаттағы экскурсиялар, зертханадағы жұмыстар және мектептен тыс іс-шаралар, осылай айтқанда «білім берудің интерактивті формалары»: пікірталастар, диспуттар, экологиялық кештер, спектакльдер, әңгімелер, рөлдік ойындар және басқа да іс-шаралар, яғни қосымша білім беру.

Білім алушылардың экологиялық тәрбиесінің тиімділігі мен табысына жету үшін барлық іс-шараларды осы өңірдің, қаланың, ауданның жағдайы туралы жергілікті материалдармен қамту керек екені маңызды. Бұл қоршаған ортаның жағдайы туралы материалды Мемлекеттік баяндамадан алуға, осы аудан әкімдігінің мәліметтерін пайдалануға болады. Сонымен қатар өзімізге де осындай мәліметтерді табуға болады. Бұл әсіресе өзіндік іздеу-зерттеу қызмет процесінде тиімді болып табылады. Қызметтің зерттеу сипаты оқушылардың

бойында бастаманы, белсенділікті, ғылыми экспериментке адал көзқарасын тәрбиелеуге, өз мекеннің экологиялық жағдайын, туған өлкесінің экологиялық проблемаларын зерттеуге қызығушылықтарын арттырады.

Білім берудің тұрақты дамуының мүддесінде адамның жалпы мәдениет пен тәрбиенің бөлігі ретінде экологиялық білім мен тәрбиені қалыптастыру мақсатында адамның санасын өзгерту, дүниетанымын қалыптастыру құндылықтар жүйесін ауыстыруды болжайды. «Экологиялық мәдениет Жер бетінде қауіпсіздік тудырмайтын рухани құндылықтардың, этикалық принциптердің, экономикалық механизмдердің, құқықтық нормалардың және әлеуметтік құралдардың жүйесін қалыптастыратын қоғамның тіршілігін қамтамсыз етеді». Дамудың тұрақты мүддесіндегі экологиялық тәрбие мен білім адамның табиғатқа деген адами шынайы көзқарасын қалыптастыруға, табиғатты қайта жасаудың шамасын анықтауға, жүріс-тұрыс нормативтерін дағдыландыруға қажет. Осының бәрін сақтаған жағдайда ғаламшарда адамның әрі қарай өмір сүруі мен дамуы ықтимал.

Экология қоғам мен табиғаттың орынды қарым-қатынас, табиғи байлықтың тиімді пайдаланудың ғылыми негізі болып табылады. Экологиялық заңдар біздің барлық шаруашылығымыздан өтеді, жаңа ресурсы үнемдеу технологиялардың негізінде жатыр. Адамзат экологиялық заңдарды пайдалану арқылы тек қана өмір сүру жолдарын ғана таппай, әрі қарай ғаламшарда өркендеу жолдарын таба алады.

Экологиялық тәрбиелеу мен оқытуды қалыптастыру стратегиясы мектеп түлегінің нақты жағдайларда бейімделуіне, сыни тұрғыдан ойлауына, пайда болған проблемаларды анықтауына, проблемалардың шешуде альтернативті жолдарын табуда, өзіндік іс-әрекеттеріне жауапты болуда, яғни білім мен әлеуметтік-тұлғалық сапасындағы талаптарға тікелей байланысты.

Сонымен қатар, әрбір оқушы әртүрлі дереккөздерден білім алуды, ақпаратты талдау және жинақтауды, қорытынды тұжырымдауды және дәлелдеуді үйрену керектігін болжайды. Экологиялық тәрбие мен білім жан-жақты білім мен дағдыны игеру мүмкіндіктеріне және әртүрлі жағдаяттардағы тәжірибеде оларды қолдана білуіне байланысты.

Қоршаған орта саласындағы білім берудің шетелдік тәжірибесі

Әлемде экологиялық білім беруді дамытудағы басты кезең 1977 жылғы Тбилиси қаласында ЮНЕП-пен (қоршаған орта бойынша ООН бағдарламасы) бірге ЮНЕСКО-ның шақыруымен ұйымдастырылған қоршаған орта саласындағы білім беру бойынша бірінші Үкіметаралық конференциясы болды. Онда ұлттық деңгейдегі қоршаған орта

саласында білім беруді тегіс қамти алатын дамыту стратегиясы қабылданды, сонымен қатар білім берудің әртүрлі сатыларына, халықтың түрлі категорияларына қатысты экологиялық (табиғат қорғау) ағартуды жетілдіру бойынша 40 астам нақты ұсынымдар әзірленді. Экологиялық білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық Найробиде (1982ж.), Бечеді (1983ж.), Мәскеуде (1987ж.) және басқа қалаларда өткен конференцияларда жалғасты. Өткізілген барлық конференциялар экологиялық проблемалардың шешу жолдарындағы маңызды факторы мектепке дейінгі ұйымдардан басталып жоғары оқу орындарына дейін, педагогтердің дайындығында және басқару аппараттарда экологиялық мәселелері қарастырылған оқу бағдарламаларында жаһандық тәрбие болуға тиіс деп мәлімдейді. Ілгерілеу стратегиясы жалпы экологиялық білімнің бірігуіне сүйенеді.

Қалыптасқан экологиялық жағдайдағы экологиялық білім беру көптеген мемлекеттердің тұрақты дамуының басымды стратегиясы болып табылады. Ол тез арада өзгертін жағдайдағы қоршаған ортада халықтардың экологиялық мәселелерін шешуге ықпалын тигізуге тиісті. Осындай білім беру қоғамдық-экологиялық дүниетанымды, құқықтық ұстанымды, ғылыми білімдердің кешенін, білімді тәжірибеге айналдыру қабілетін, бір-бірімен қызмет істей білуін, адам мен қоғамның тұтас мәдениет деңгейін көтеруге, адамның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға тиісті.

Сонымен, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарында қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білімнің негізгі принциптері анықталды [8, 10–11]:

- экологиялық проблемалардың әлеуметтік аспектілерінің басымдығы;
- табиғи және адам жаратқан қоршаған ортаның анализі;
- тәртіптілік аралық;
- ақпараттылық және білім талабы;
- қоршаған ортаның сапасын жақсартуға бағытталған шешімдерді қабылдаудағы дағдының, қатынастың, құндылықтардың маңызы.

АҚШ-та, Канадада, Англияда, Нидерландияда, Данияда, Швецияда, Германияда экологиялық білім берудің басымдығы табиғаттың эмоциялық тұтас қабылдауын оятатын ынтасының негізінде жататын табиғатта өткізілетін сабақтар, арнайы жобалық күн мен апталарды бөлу, экологиялық ойындарды әзірлеу болып табылады [12].

Табиғи кешенді аяусыз пайдалану нәтижесінде Еуропа, Америка, Азияның дамыған, экономикалық жағынан табысты мемлекеттері қазіргі уақытта ғаламшарда болып жатқан дағдарысқа ұшырады. Бұны

адам мен табиғаттың мүдделерін мақсатты қорғайтын қоғамдық құрылымдар – «жасыл» қозғалыстар және саяси партиялар дәлелдейді.

АҚШ-тағы экологтардың нақты бағдарламаларындағы экологиялық білім берудің теориялық тәсілдерін іске асырылатыны жөнінде Суортмор колледжінің оқытушылары Питер Блейз Коркоран мен Эрик Сиверздің экологиялық бағыттағы мақала материалдарынан байқауға болады. Онда қоршаған орта саласындағы адамдар білімінің бес бағытының әдіснамалық маңыздылығы берілген.

Бірінші бағыт – терең кететін экология, адамдардың өмірге деген биоорталық көзқарасының болуына көмектеседі. Терең кететін экология сендіреді: адам барлық тірі жанның бөлінбес бөлігі, сондықтан ол басқа тірі жаннан маңызды емес. Эволюциялық үрдістің жалғыз белгісі мидың өлшемі немесе сана емес Жер бетінде өмір сүруге лайықты өміршендік болып табылады. Терең кететін экология адамның басымдығы туралы дәстүрлі батыс идеясына қарсы келеді. Терең кететін экологияны тәжірибеде іске асыратын Барлық Тіршіліктің Кеңесі болып табылатын салт жоралар (рөлдік ойындар). Оны табиғат қорғаушы адамдар орындайды. Барлық Тіршіліктің рөлдері ойын қатысушыларына Жердің миллиард жыл бойы эволюцияның өткен жолын сезінуге көмектеседі.

Екіншісі – 1970 жылдары қарқынды антропогендік әрекеттің нәтижесінде тез арада қырылған түрлерді байқаған биологтардың ортасында пайда болған биологияны сақтайтын бағыт. Биологияны сақтау 1990 жылдары ғаламшардағы маңызды құндылық - биологиялық әр түрлілікті насихаттайтын ықпалды ғылыми пәнге айналды. Тәжірибеде бұл бағыт биотүрліліктің теориясы мен тәжірибелік іс-әрекеттерді қамтитын әртүрлі ішараларда іске асырылады (мысалы, оқушылар Орталық және Оңтүстік Американың әнші құстардың әртүрлілігін зерттейді және оларды сақтауға көмек көрсетеді).

Үшінші бағыт – биорегионализм – тікелей табиғи мен мәдени айналасындағы нақты орынның байлығы мен тапшылығында шоғырланады. Осындай тәсіл адам мен табиғатты жақындататын, мүмкіндіктерін ескеретін бөлігі адам болып табылатын табиғи жүйенің мүмкіндіктерін түсінуге үйретеді. Биоаймақтық бағыт американдықтарды үндістердің табиғатқа деген көзқарасын түсінуге шақырады.

Тәжірибелік жоспарда мақала авторлары жетекшілік ететін сынып оқушылары ауыз су көздерін, опырылма суларды пайдалану және т.б. зерттеулеріне сәйкес Филадельфияда штатындағы колледждері үшін оқу жоспарын дайындады. Оқу жоспарды тәжірибеде іске асыруда оқушылар табиғаттағы болып жатқан байланыстарды, адам әрекетінің табиғи циклдарымен байланысын көре алады.

Экофеминизм – қоршаған орта саласындағы білімнің төртінші бағыты – жердің көріністерін әйел ағзасымен сәйкестендіреді. Әйел ағзасының табиғи ырғағы жер ырғағымен синхронды, жер де әйел тәрізді ұрпақ жалғастырушы болып табылады. Экофеминизм ана рөлін мадақтайды, интуициялық сезімдеріне сүйсінеді, экологиялық білімде ерлердің басымдығынан құтылуға, табиғат денсаулығына жауапкершілік алуға көмектеседі.

Соңғы бағыт – әлеуметтік-сыни анализі, американдықтар әлеуметтік-экономикалық құрылымды шындық ретінде көреді, онда экологиялық проблемаларды туындататын себебі жоқ есептейді, сондықтан бұл анализ американдықтардың дүниетанымындағы олқылықты жояды. Экологиялық білімнің белгіленген бағыты дамыған капитализмнің әлеуметтік жүйесін, экономиканың бейберекеттігін, тұрмыстың идеологиясын, экономиканың сынға алу қажеттілігін туындатады. Авторлардың пікірі бойынша мектептік ортада әлеуметтік-сыни анализіне жүгіну аса қиынға түседі: осындай көзқарастағы педагог-экологтар оқушыларды сендіргісі келген жағдайда түсінбеушілік төндіруі мүмкін. Дегенмен, мақала авторларының колледждерінде бұл бағыт жүзеге асырылуда.

Экологиялық білімнің барлық бағыттар кешені авторлардың пікірі бойынша білім алушыларға қатты әсер етеді: олардың белсенділіктерін арттырады, әлеуметтік позицияларын нығайтады, қоршаған ортаға қатысты көптеген мәселелерге ықыласпен қарауға үйретеді, өзінің, сыныптастарының, тіпті оқытушылардың экологиялық тәртібін өзгертеді.

Мысалы, Нидерландияда елдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған қоршаған ортаны қорғау бойынша пайдаланушы, өндіруші, саясаткерлер, зерттеушілер үшін ақпараттандыру, оқыту және біріккен іс-әрекеттер қарастырылған арнайы экологиялық бағдарламалар дайындалған.

Ресейде бірінші рет бастауыш және орта мектептердегі оқушылары үшін мектептен тыс оқытуға арналған екі тілдегі (ағылшын және орыс) *Джуди Фридман* (АҚШ) бағдарламасы пайда болды.

Кітаптың авторы ойлап шығарған қысқа табанымен және қоянның құлағымен жуан Джелли Джем кітаптың басы мен аяғына дейін балаларға қоршаған ортаның маңыздылығын, өсімдіктерге, жануарларға, адамдарға таза су, таза ауа және таза жер маңыздылығын түсіндіруге көмектесті. Джелли Джем бірде көңілді, бірде көңілсіз болып балаларға суды пайдалану арқылы тәжірибелер жасауға көмектесті, айналадағы қоқыстың проблемаларына ойландырды. Жуан Джелли Джем өнімнің қалдықтарымен, заттарды қайта пайдаланумен, сапасы төмен ойыншықтармен (тез арада сынады да қоқыстың көлемін көбейтеді) таныстырады.

Егжей-тегжей судың сапасымен таныстырады да адамдардың әрекеттерінің арқасында су әртүрлі химиялық қосылыстарымен ластанады. Суды үнемдеуді үйретеді: душқа тез түсу, бақылау арқылы екі күнде қанша литр су кеткенін есептеуді. Джелли Джем ауаның ластану, үй-жайларда темекі шегуге болмайтын туралы процестерді талдайды. Мұнай және бензинге қатысты проблемаларды талдайды: олардың шығыстарын азайту керектігін, бүріккіштерді аз пайдалану бойынша кеңес береді. Джелли Джем ластануды тазарту көп қаражатты талап ететіні туралы айтып кетіп, проблеманы аяқтайды.

SPARE бұл 10-17 аралығындағы балаларға арналған қоршаған орта және энергетика жөнінде білім беру бағдарламасы. Ал 2012 жылдан бастап жобаға 2-4 сыныптардың оқушыларын қатыстырады. SPARE бағдарламасын Норвегиялық табиғатты қорғау қоғамы (Жер Достары, Норвегия) 1996 жылы бастамашылыққа алды.

Жылдан жылға Бағдарлама белсенді педагогтермен, сарапшылармен және экологиялық қоғамдық ұйымдармен дамытылып, бейімделініп толықтырылды.

Бүгінгі таңда 13 елде SPARE бағдарламасын үйлестіретін ұлттық экологиялық қоғамдық ұйымдардың желісі құрылды. Әрбір елде үйлестіруші-ұйым білімнің және энергетика жағдайдың ұлттық жүйесін бейімделген білімдік бағдарламасын дамыту үшін SPARE тәжірибесі мен материалдарын пайдаланады.

Қазақстанда SPARE бағдарламасының үйлестірушісі «ЭкоОбраз» ҚҰ болып табылады. Бұл ұйым Қазақстан Республикасында 2000 жылдың аяғынан бері ресурстар мен энергияны (SPARE) пайдалану бойынша Халықаралық мектепшілік жобаны іске асырады.

Қазақстан Республикасындағы балалардың экологиялық білімі мен тәрбиесі

Біздің республикамызда қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің маңызды міндеттерінің біріне жатады. Қоршаған орта саласындағы білімді дамыту үшін ҚР Конституциясы (31 бап), «Қоршаған ортаны қорғау жөнінде» ҚР заңы (73-74 бап), «Білім туралы заң» ҚР заңы (3 бап), «Жоғары білім туралы» ҚР заңы (3 бап), «ҚР экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасын» және басқа білімнің экологиялық бағытын анықтайтын бағдарламалық құжаттар құқықтық негізі болып табылады.

Қазақстанда экологиялық білім бұл адамның өмір сүретін ғаламдық жағдайы туралы білім кешені. Сондықтан, экологиялық білім адам және табиғаттың өзара байланысындағы проблемаларды

қозғайтын, барлық тірі жандардың өмір сүру сапасын жақсартатын, әрбір адам үшін белсенді үдеріс болып табылады.

Экологиялық білімді қалыптастыру үшін табиғатты қорғау және қорларды тиімді пайдалану принциптерін меңгерту сондай-ақ, дүниетанымды экологияландыру басты міндет болып табылады. Дүниетанымды экологияландыру экономика, ғылыми-техникалық ілгерілеу, саясат, құқық және т.б. экологиялық қатынастарды білдіретін білімдерді меңгертуді болжайды.

Экологиялық білім беруде экологиялық апаттардың себептерін дұрыс анықтаудың маңызы бар. Оларға экологиялық сауатсыздық және көптеген адамдардың ауызша және баспа насихаттаудағы сауатсыздығы.

Бұл ерекшеліктерді ескерген біздің еліміздегі экологиялық білім беру екі деңгейде жүзеге асырылады. Бірінші деңгей – жалпы экологиялық білім беру: әрбір оқу орындарында экология курстары пайда болды.

Екінші деңгей – кәсіби мамандарды дайындау. Қазір Қазақстанның көптеген оқу орындарында студенттерді «Экология», «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандықтары бойынша студенттерді дайындау жүзеге асырылуда.

Қазақстанда экологиялық білім беру құрылымы қалай құрылды?

Мектептегі экологиялық тәрбие мен білімде тоқталайық. Қазір орта білім беру мекемелерінде экологиялық білімді тереңдету мен жетілдіру үздіксіз үдеріс болғаны факт. Олардың көбінде арнайы экологиялық пәндер енгізілген базистік оқу жоспары бар, пәндердің мазмұнын экологияландыруы жүзеге асырылуда. Қазақстанда экологиялық бағыттағы арнайы курстар, «Қоршаған әлем», «Денсаулық және қоршаған орта» бойынша факультативтер жүргізетін гимназия, лицей, колледж, мектеп желілері бар екені анық. Бастауыш және орта білім берудің оқу орындарында экологиялық білім келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

- мамандық пен кәсіптерге экологиялық бағытты енгізу;
- өнеркәсіп және аграрлық экология бойынша мамандарды дайындайтын арнайы білім беру мекемелерді құру;
- арнайы мамандықтар мен кәсіптердің ерекшелігін ескеретін кәсіптік білім берудің экологиялық компоненттерін дайындау, енгізу және жетілдіру;

Экологиялық бағыттағы колледждерде «Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану», «Құрал-жабдықтарды және сумен жабдықтау мен су бұрғыш жүйелерін пайдалану» мамандықтары бойынша оқыту жұмыс жөнге салынды.

Білімнің негізінде экологиялық тәрбие мен білімнің үздіксіз жүйесін болуға тиісті. Ол отбасында басталып мектепте теориялық

біліммен қатар оқушылардың қоғамдық қызметінің үлкен жүктемесінде, мектептік орман шаруашылығында, табиғат достарындағы клубтарда және с.с жалғасуға тиісті.

Осылайша, экологиялық білімнің бағыттары келесідей:

- білім беруде экологияның рухани-адамгершілік және эстетикалық проблемаларын баяндайтын экологиялық-дүниетанымдық жүктемесін күшейту;
- әртүрлі ғылымдарда экологиялық аспектіні бөліп шығару;
- аймақтық-салалық ерекшеліктеріне байланысты қоршаған ортаның саласындағы ғылыми жетістіктерінің нәтижелерін экологиялық білімге енгізу.

Экологиялық білім беруде радио, теледидар, баспасөз және т.б. бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқаруға тиісті. Осы білімдік функцияны атқарған кезде ақпарат құралдарының редакциялары мен басқару органдары табиғи қоршаған ортаны қорғау мен жақсарту проблемаларымен айналысатын тиісілі арнайы, ғылыми және білім беру мекемелерімен ынтымақтастық орнатуға тиісті.

Қазіргі қоғамда экологиялық білім беру адам қызметіндегі жетекші салаға және еліміздің болашағын айқындайтын факторлардың біріне айналды. Бұл білім беру жүйесінің еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының негізі болып табылғандығына байланысты. Еліміздің дамуы мен өркендеуі үшін ұлттың интеллектуалдық потенциалын қалыптастыру қажет, солайша Қазақстан бәсекеге қабілетті мемлекет болуға тиіс.

Біздің ойымызша, инновациялық үдерістің немесе қызметтің негізін бір жағынан оқу-тәрбиелік үдерісте жаңа білім алуға, екінші жағынан педагогикалық идеялар және технологияларды ғылыми негіздеу жолдарымен педагогикалық тәжірибені қайта жасауға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс болып табылады.

Жаңартпашылық ең алдымен оқу-тәрбиелік үдерісте субъектілердің әрекеттестігінің дамуы мен оптималдық деңгейдегі жетістіктерінің салдарынан жаңартпаның пайда болуын, дамуын, әртараптандыруын білдіреді. Қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістер барлық салада соның ішінде экологиялық тәрбие мен білім жүйесіндегі инновациялық тәсілдердің ерекшелігін шарттайды.

Білімді экологияландыру үшін білім алушылардың биологиялық ойлауы, жаңа мәліметтерді өздігімен меңгеру және сыни тұрғыдан талдау дағдылары, жаңа гипотеза жасай алу қабілеттері болуға тиіс. Осыған орай, оқытуда проблемалық тәсілдерді жоспарлап, жүзеге асыру қажет. Проблемалық тәсіл оқушылардың белсенді танымдығын ұйымдастыруды, ал балалардың танымдық қызметін басқаруда мұғалімнің ролін азайтуды көздейді [5].

Тәжірибе балаларға қосымша білім берудегі инновациялық бағыттарды, соның ішінде инновациялық тәсілдерді балаларға қосымша білім беру ұйымдарының жаңа типтегі базаларында тиімді енгізу керектігін көрсетеді.

Осындай ұйымдар Алматы қаласындағы Жас натуралистер станциясы (директоры Аришева Зейнеп Ануаровна) және Семей қаласындағы Облыстық балалар биологиялық орталығы (директоры Дядов Валерий Николаевич) болып табылады. Бұл ұйымдарда оқушылардың терең және баянды білім алу, табиғатқа деген эстетикалық талғам мен махаббатты дамыту талпыныстарын тәрбиелеу мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Қосымша білім беру ұйымдары жас ұрпаққа тәрбиелеу ықпалы бар үйлестіру орталықтары ретінде көрінеді. Бүгін қоғамда үлкен жауапкершілік педагогке жүктеледі. Педагог жаңа тұрпаттағы жас ұрпақты тәрбиелеп өсіру қажет, өйткені экологиялық білім мен тәрбиенің мақсаты балалардың экологиялық санасын қалыптастыру және энергия мен энергоресурстарды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғау проблемаларына қоғамның назарын аудару болып тұр.

Қабылданған «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» елдің «жасыл» даму жолына көшуіне негізделген экономиканың орнықты әрі тиімді моделін құрудың нақты бағдарын белгілеп берді.

Тез арада өзгертін әлемде әлемдік экономиканың стратегиялық міндетінің бірі жаңартылатын және альтернативтік энергия көздерін пайдалану проблемаларын шешу болып табылады. Дәстүрлі энергетикалық көздері таусылу шегінде болған жағдайда күн энергетикасында ғаламдық энергетикалық проблемаларды шешетін потенциалы жоғары. «Жасыл» экономиканың дамуы Қазақстанның кейбір қалалары кіретін индустриялды қалалар үшін маңызды. «Жасыл» экономиканың негізгі мақсаты – қазынды көмірсутектерді ауыстыру үшін экологиялық таза және арзан энергия көздерін іздеу. Осы бағыттың дамыту қажеттілігін Қазақстан ұсынған "ЕХРО-2017" тақырыбы болып табылады. Халықаралық көрмені өткізу – энергияның альтернативтік көздерін және сақтығын пайдалану, басқару және табу мәселелерін талқылау мүмкіндігі. Осы кезеңдегі қоғамның дамуында табиғаттың барлық заңдылығын білетін, Отанның сұлулығын қадірлей білетін, экологиялық жағынан сауатты шешімдерді қабылдай алатын және табиғатты қорғауда, үнемдеуде белсенді өмірлік ұстанымы бар азаматты тәрбиелеу.

Жыл сайын ресурсты үнемдеу мәселелері өзекті болып тұр. Бұл экологиялық және экономикалық проблемалардың кешенін шешу қажеттілігіне байланысты. Біртіндеп адамзат табиғатқа деген тұтынушы қатынастан табиғат пен қоғамның біріккен үйлесімді

дамуына көшу қажеттілігі туындайды. Бірақ бұл қатынастардың үйлесуі өзіме өзі қалыптаспайтыны баршамызға мәлім.

Экологиялық тәрбиенің формалары мен әдістері

1. Интерактивтік экологиялық ісшаралар.

Интерактивтік экологиялық ісшаралар - бұл мектептен тыс экологиялық ісшаралар: викториналар, олимпиадалар, ток-шоу, экологиялық спектакльдер.

«Ток-шоу» және «экологиялық спектакль» - бұл рөлдік ойындардың екі формасы. Бірақ балалар үшін бірінші вариант - «ток-шоу» «экологиялық спектакльге» қарағанда аса күрделі.

«Ток-шоу» негізгі экологиялық ақпаратты таратады, ал «спектакльдер» оларды толықтырады. «Ток-шоуда» ойын қатысушылары сарапшылар мен «залға» бөлінеді. Сарапшылар – бұл әдетте экологияға ерекше қызығушылық танытатын және мұғалімнің жетекшілігімен ойында талқыланатын мәселеге егжей-тегжей дайындалатын жоғары сынып оқушылары (10-11 сынып). Әрбір сарапшы өз көзқарасының дұрыстығын қорғап шығу керек.

Залдың қатысуы дайындықсыз, бірақ оларды да пікірсайысқа дайындау керек. Бұл үшін экологиялық кешке дейін бірнеше күн бұрын талқыланатын сұрақтардың тізімін алдын-ала ілу қажет. Залдағы оқушылар сарапшыларға тек сұрақ қана қоймай, өздері сөз алып жауаптарын толықтырады. Мағына жағынан әртүрлі ток-шоуларда сарапшы мен залдың рөлдері де әртүрлі болу мүмкін. Мысалы, бір ток-шоуда залдың рөлі жоғары болып, екіншісінде сарапшы мен залдың рөлі бірдей болуы әбден мүмкін.

Ток-шоудың жетістігі сұрақты дұрыс қоюға көмектесетін, ойын қатысушыларын белсенді қатыстыруға көмектесетін сарапшы мен залға қосымша сұрақтар қоятын, кейбір жауаптарды түсіндіретін, соңында қорытынды жасай білетін тәжірибелі жүргізушінің (экологтің) қатысуымен анықталады. Соңында ұйымдастырылған ток-шоудың жетістігінің басты факторы жүргізушінің білгірлігі болып табылады. Бұл рөлді мұғалім немесе жақсы дайындалған жоғары сынып оқушысы атқарады.

Ток-шоуды ұйымдастыруда басты рөлде қызық және маңызды сұрақтар қоятын зал қатысушылары ойнайды. Кейбір жағдайда мұғалім сақтық ету жағдайда залдағы әрбір сарапшыға бірнеше сұрақтарды дайындап қойғаны дұрыс. Әрі қарай пікірсайыс қызған кезде сұрақтар мен сөйлеушілер өздігінен кетеді. Кейбір сұраққа сарапшы жауап бере алмаған жағдайда, жүргізуші көмекке келуге тиісті.

Ток-шоудың ұйымдастыру формасын теледидардағы осындай пікірсайыстарға жақындату керек. Жүргізуші залда (зал үлкен болса микрофонмен) жүреді, арнайы алаңда сарапшылар үстел басында немесе ыңғайлы қойылған креслода бетпен-бет орналасу қажет. Әрбір сарапшының алдында үлкен әріппен жазылған тақтайша-визитка тұрады.

Формасы бойынша экологиялық спектакль ерікті. Мұғалімге де, оқушыға да қандай да бір рөлді орындауда ойдан шығаруға мүмкіндік болады. Бұл жағдайда спектакльдің жетістігі ойдан шығарылған костюмдермен және рөлді таңдаумен анықталады.

Егер ток-шоу байыпты жағдайда өтсе, экологиялық спектакльде көп әзіл орын алады. Спектакльдің жақсы қойылымында және рөлді орындауда зал үнемі күліп отыруға тиісті.

Балалар жарысқанды жақсы көреді, сондықтан әрбір экологиялық ісшараны мақсатты экспресс-викторинамен аяқтаған жөн. Жеңімпазды анықтау формалары әртүрлі болуы мүмкін.

2. Экологиялық тәрбиенің формасы – экологиялық соқпақ.

Көптеген мамандар сабақтарда теориялық оқытумен қатар табиғаттағы оқушылардың алуан-түрлі қызмет түрлерін ұйымдастыруды тәрбие мен білімнің басты педагогикалық жағдайы ретінде қарастырады. Экологиялық білім мен тәрбиенің ұйымдастыру формасы ретінде табиғи айналасында оқушылардың ісәрекетін ұйымдастыратын және бағыттайтын тапсырма жүйесін орындауға жағдай жасайтын оқу экологиялық соқпақ болып табылады. Тапсырмалар экологиялық экскурсиялар және далалық тәжірибеде орындалады. Далалық тәжірибе барысындағы оқу экологиялық соқпақта оқушылардың сабақта алған пәндік білімдерін тәжірибеде көрсетуге жағдай жасалады.

Экологиялық соқпақтың маршрутында табиғи табиғаттың және антропогендік ландшафттың үйлескен жерлері болуға тиісті. Бұл балаларға адам әрекетінің табиғи жаңартылған сипатын бағалауға, табиғи ортаның табиғи жерлері мен жаңартылған жерлерін салыстыруға мүмкіндік береді. Экологиялық соқпақтың міндеті – білім алушылардың экологиялық мәдениетін мақсатты тәрбиелеуге жағдай жасау.

Экологиялық соқпақты балалар өз күштерімен, өздерінің оқыту мен тәрбиесі үшін жасайды. Бұл экологиялық тәрбие мен білім беру жүйесіндегі қызметтің ұйымдастырудағы тартымды формаларының бірі болып есептеледі. Егер ол дұрыс ұйымдастырылса, білім алушыларға жан-жақтан өз шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, ақыл мен физикалық еңбегін байланыстыруға мүмкіндік туғызады.

Оқушылардың күшімен ұйымдастырылған экологиялық соқпақ педагогтерден оқушылардан шығармашылық тәсілдерді, белсенді әрекетті қажет ететін әртүрлі өмірлік жағдаяттарды туғызуға мүмкіндік жасайды. Соқпақ зонасындағы қоршаған ортаны зерттеу мен бағалау бойынша тапсырмалар балаларға әртүрлі пәндерден алған білімдерін пайдалануды ғана емес, ең бастысы еңбек табиғи қорғау жұмыстарына барынша қатысуға итермелейді. Соңында балалардың бойында экологиялық сауатты жүріс-тұрыс дағдылары және табиғатқа деген саналы көзқарас қалыптасады.

Соқпақты жабдықтау бойынша жұмыстар келесі кезеңдер бойынша реттеледі: бірінші кезең – дайындық кезеңі. Жұмыс ұйымдастырушылардың және жетекшілердің көмекшілері – мұғалімдерді дайындаудан басталады. Осы кезеңде мақсаты, міндеттері, жұмыстың көлемі, әрбір баланың орны анықталады. Келесі кезең – соқпақты ашу. Бұл ісшараны кеш ретінде өткізіп, мектептік мерекеге айналдыруға болады. Оқу экологиялық соқпақты дайындау мектепшілік білімнің және экологиялық тәрбиенің ғылыми деңгейін арттыруға ықпал етеді. Оқушылардың соқпақта алған білімдері, сабақта алған білімдерімен тығыз байланысты. Ең бастысы, балаларға әртүрлі пәндерден алған білімдерін, қоршаған орта мен адамның бірлігін тәжірибеде көрсетуге мүмкіндік болады. Сабақтан тыс уақыттарындағы оқу экологиялық соқпақта оқушылар табиғи орта туралы ғылыми білімдерін ала ғана қоймай, табиғат қорғаумен байланысты этикалық және құқықтық нормаларды меңгереді.

3. Білім алушылардың зерттеу қызметі.

Экология зертханалық ғылым емес. Бұл табиғаттағы бақылау мен эксперименттер маңызды орын алатын ғылым.

Зерттеушілік қызмет – экологияны зерттеу, балалардың экологиялық тәрбиесіндегі жұмыстарының тиімді формасының бірі. Зерттеу барысында білім алушылардың табиғатпен тікелей байланысы, дағдылар қалыптасады, ғылыми эксперименттерден тәжірибе жинақталады, байқағыштық дамиды, нақты экологиялық мәселелерді зерттеуге қызуғышылық туындайды.

Табиғи жағдайдағы әртүрлі зерттеушілік жобаларды орындау балаларға табиғи орталарды, қаласының экологиялық жағдайын зерттеуге, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуға, басқа мектептердегі сол проблемаларымен айналысатын балалардың зерттеу нәтижелерімен алмасуға мүмкіндік береді.

Балалардың зерттеу жүргізудегі тұрған міндеті келесідей: туған өлкесі, қаласы туралы білім алу, тәжірибелік зерттеу қызметі бойынша дағдылар қалыптастыру, табиғатқа тәжірибелік көмек көрсету маңыздылығын түсіну. Экологиялық зерттеулерге қатысатын

оқушылар, өз қабілеттерін іске асыру, әлеуметтік белсенділіктерін көтеру мүмкіндіктері бар.

Экологиялық проблемалар көп аспекті, сондықтан шешімдерді шешу үшін кешенді тәсілді, білімді қажет етеді. Осылайша, жобаның орындау барысында білім алушыларда тиісті теориялық базамен дәлелденген арнайы білік кешені қалыптасады. Осындай жобалық қызмет үйірме жұмыстарында пайдаланылуы мүмкін. Үйірме бағдарламасының негізгі мақсаттары – оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, ұқыпты қарауын дағдыландыру, экология және басқа пәндер бойынша білімдерін тереңдету, еңбек дайындығын жетілдіру.

Үйірмеге қатысатын оқушылар өз өлкесінің табиғаты, табиғаттағы құбылыстардың өзара байланысы туралы мәліметтер алады, табиғатты қорғаудағы қазіргі мәселелермен және тиімді пайдаланумен танысады. Үйірме бағдарламасына зерттеушілік жобалардағы теориялық сабақтар және тәжірибелік жұмыстар жатады. Облыстық ғылыми-зерттеушілік конференцияларға қатысу өткізілген жұмыстардың нәтижесі болып табылады.

Экологиялық білімнің сатылары және білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын жалпы талаптар

Оқудың әрбір сатысындағы дәлелдер

- экологиялық ойлаудың, құндылықтың, әрекеттер тәсілдердің қалыптастыру негізіндегі жетекші психологиялық-педагогикалық келіспеушіліктер;

- негізгі міндеттер;

- әрекетті формадағы жоспарланған білім берудегі нәтижелер;

- осы жасқа сәйкес экологиялық-мәдени тәжірибеден алынған бастама.

Бастауыш мектептегі өзекті міндеттер (жоспарланған нәтижелер) оқушылардың қоршаған ортадағы әлеуметтік мадақтайтын стереотиптердің жүріс-тұрыстарын меңгеруге байланысты. Оқушылар экологиялық қауіпсіздік жүріс-тұрыстардың әлеуметтік нормаларын меңгереді, табиғи объектілердің өмір, адамның денсаулығы және қоршаған ортаның қауіпсіздік мүдделеріндегі әрекеттерге негізделген эмоциялық құндылықтарына мазасыздану қалыптасады.

Мазмұнын іріктеудегі жетекші дереккөздер – әртүрлі ұлттардың дәстүрі мен шығармашылықтарындағы, көркем әдебиеттегі экологиялық образдар және ғылыми білімнің элементтері. Осы жастағы «істегім келеді – болмайды» деген экологиялық санадағы негізгі қайшылықтарды шешуде өзін – өзі шектеу тәжірибесі қалыптасады. Оқушылардың оқу мен тұрмыстағы денсаулық сақтау

экологиялық қауіпсіздік жағдайын ұйымдастыруда тәжірибелік әрекеттерді өткізу үшін ұжымдық-бөлінген тәжірибе қалыптасады. Қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін әрекеттердің рефлексиясы қалыптасады.

Отан, табиғат, экологиялық мәдениеттің нормалары, Қазақстандағы экологиялық мәдениеттің көпұлттық тәжірибесі, тұлғаның экологиялық тәрбиесі, экологиялық қауіпсіздік ережесі деген құндылықтар қалыптасады.

Негізгі мектептегі өзекті міндеттер білім алушылардың экологиялық сауаттылық негіздерін қалыптастырумен, экожүйелік танымдық модельдің, рефлексиялық бағалау икемділіктің негізіндегі ойлаудың экологиялық стилімен байланысты. Субъектінің қызметіндегі ішкі жоспардың рефлексиясы дамиды. Оқу қызметіндегі әрекеттерде шешілетін экологиялық проблемалардағы әртүрлі комбинацияда білім мен дағдыны пайдаланатын нормативтік құрылымның субъектісі пайда болады. Осы жаста азамат, отбасы мүшесі, жергілікті қауымдастықтың өкілі ретінде әртүрлі экологиялық жағдайдағы экологиялық бағытталған оқу және әлеуметтік жайғасымда, өмірдің экологиялық қауіпсіздік ортасын жобалау бойынша біріккен (педагогтер және білім алушылардың) зерттеулердің тәжірибесі жинақталады. Тұрақты дамуға құндылық бағдар қалыптасады.

Жасөспірім шақтағы өзекті қайшылықтар: «мораль және құқық», «қажеттілік – оларды қанағаттандыру ресурстары», «жеке – топтық», «ғылым – дәстүр», «фактілер – пікір», «өзін ұқсастыру – шыдамдылық», «экологиялық – мәдениеттілік тәжірибесінің пайдасы – оның қатыстылығы», «себеп – құрал – нәтиже» (болжам, мониторинг, индикатор).

Мазмұнын іріктеудегі жетекші дереккөздер – экологиялық білім, экологиялық құқық, экологиялық этика, әртүрлі әлеуметтік топтардың және тұлғалардың экологиялық мәдениеті. Психологиялық қайшылықтардағы шешімдерді қабылдауда рефлексиялық – бағалау тәжірибесі қалыптасады. Мектептен тыс қызметінің негізгі түрлері: зерттеушілік, ұйымдастырушылық – коммуникативтік, рефлексиялық – бағалау, креативтік, еңбек бағыттағы жобалаудың тұлғалық және әлеуметтік маңыздығы, оқу және әлеуметтік жайғастыру, бейіндік, еңбек және кәсіби бағдары. Қалыптасатын құндылықтар: азаматтық, этномәдени және жалпыресейлік сәйкестік, экологиялық этика, қоршаған ортаның экологиялық сапасын жақсарту бойынша әлеуметтік серіктестік, экологиялық мақсатты салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет. Негізгі педагогикалық құрал: оқу – жобалау типтегі дамытушы жағдайлар.

Жоғары мектептегі өзекті міндеттер әлеуметтену жағдайдағы экожүйелік танымдық модельді және рефлексиялық бағалау

әрекеттерді: кәсіби өзін өзі анықтау, азамат болу, адам денсаулығы, оның өмірінің сапасына, қоршаған ортаның сапасына байланысты өмірлік проблемаларды шешуде әлеуметтік серіктестіктің шығармашылық пайдаланудағы тәжірибені кеңейтуге байланысты. Экоцентриалық жасампаз модельдің негіздері қалыптасады. Экологиялық санадағы қайшылықтарды: «экоцентризм – эгоцентризм», «глобализм и регионализм»; «*тұтынушылық - жасаушы*», «*мәдени шығармашылық*», «кеше – бүгін – ертең», «экологиялық құқық – экологиялық міндет – экологиялық жауапкершілік» шешу тәжірибесі жинақталады. Мазмұнын іріктеудегі дереккөздер – ғылыми заңдылықтар, «адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі экологиялық байланыстардың моделі, теориясы; әлемнің әртүрлі мәдениет, халық, кәсібилік қауымдастықтың, әлеуметтік топтардың экологиялық картиналарының варианттары; тұрақты / тұрақсыз дамудың дүниетанымдық футуристік моделі, күнделікті өмірдегі жеке экологиялық мәдени тәжірибесі. Білім алушылар өз өмірлік жолдарын жобалау субъектісі ретінде, экология, денсаулық, өмір қауіпсіздігінің проблемаларын ескерген кәсіби өзін өзі анықтауда әлеуметтену тәжірибесі қалыптасады.

Білім алушыларды экологиялық мәдениеттің әлеуметтік тәжірибесіндегі тәсілдерін меңгерту және әртүрлі экологиялық бағыты бар пәндерде қалыптасатын тұлғаның қызметі мен құзыреттілігінің негізі ретінде қоғам мен табиғаттың тұрақты дамуының мүддесіндегі мәдени шығармашылықтың жеке тәжірибесіне қалыптастыру.

Бұл Қазақстан Республикасы жалпы ұлттық құндылықтарына, ЮНЕСКО-ның ұсынымдарына, тұрақты даму үшін білім берудің мақсаттарына сәйкес келеді. Қалыптасатын құндылықтар: азаматтық, этномәдени және жалпықазақстандық ұқсастық; еліміздің тұрақты дамуы мен ұлттық қауіпсіздігі үшін жеке үлесі; өмірдің және қоршаған ортаның сапасы; экологиялық мәдениет, экологиялық сана, экологиялық ойлау; өз елінің бүгінгі мен болашағы үшін экологиялық жауапкершілік. Негізгі педагогикалық құрал: оқу жобалық және әлеуметтік-жобалық, соның ішінде кәсіби өзін-өзі анықтаудағы дамытушы жағдаяттардағы қызметтік сынағалар.

SPARE халықаралық экологиялық білім беру бағдарламасы бойынша әдістемелік ұсынымдар

Адамзат қазынды отынның барлық қорларын пайдаланып келе жатыр. Бұл әрбір адамды қай жолмен жүру керек екен ойландырады. Көптеген адамдар біздің болашағымыз энергияның альтернативтік, жаңартылатын, экологиялық таза түрлерінде (күн, жел, толқынды және т.б.) екенін түсінеді. Сонымен қатар, ойланбай тұрмыста, өндірісте энергияны тиістісінен көп пайдаланамыз. Сондықтан соңғы он жыл ішінде көптеген елдерде энергия сақтау туралы әңгіме қозғалуда. Бүгінгі таңда тұрғын үйлерде, өндірістік үдерістерде, жеке пайдалануда энергияны үнемдеу және пайдалануды азайтудағы көптеген тиімді әдістері мен мүмкіндіктері әзірленген. Бірақ, адамдардың аздаған пайызы бұл әдістерді біледі және өте аз пайыз оны пайдаланады. Мүмкін балаларды балалық шақтан бастап «Энергия сақтау» SPARE бағдарламасы бойынша оқыту тиімді болады.



Біріншіден, балалар отбасы мүшелері ретінде өз білімдерін ата-аналарына бере алады, екіншіден, бірнеше жылдан кейін олар құрылысшы, өндірістің басшылары болып, өз отбасыларын құрады. Сондықтан 1996 жылы табиғат қорғаудағы Норвегиялық қоғам оқушыларға арналған SPARE (School Project for Application of Resources and Energy) білім беру бағдарламасын дайындады. Басында бұл бағдарлама еуропалық елдерде жүзеге асты. 1997 жылдан бастап Еуропаның солтүстік-батыс өңірлерінде таратыла бастады. Ресурстар мен энергияны пайдаланудағы мектептік жоба орыс тілінде ШПИРЕ бағдарламасы деп аталады.

Шетелде бұл бағдарлама қосымша білім беру ұйымдарында және мектепте факультативтік пен сыныптан тыс жұмыстар үшін құрастырылған.

ШПИРЕ жобасының басты мақсаты – балалардың экологиялық сана-сезімін тәрбиелеу және энергияны пайдаланудағы, энергия мен энергоресурстарды үнемдеудегі, қоршаған ортаны қорғаудағы проблемаларға қоғам назарын аударту. Бірақ мақсат – бұл жұмыс бағдарламасын құрастыруда идеяларды жүйеге келтіру, соңында нәтижелерін бағалау құрал ретінде керек. Өте маңызды, сабақ барысында ресурстар мен энергияны үнемдеу үшін уәждеменің жүйесін әзірлеу, өмірдің экологиялық тұрақты және қауіпсіз стилінің дағдыларын тәрбиелеу керек.

Міндеттер:

- балалар мен жасөспірімдерге тек қана экологияның маңыздылығы мен теориялық білімді алуға ғана түсінуге көмектеспей, қоршаған ортаны қорғау процесіне белсенді қатысуға жағдай жасау;
- балаларды Жер ресурстарына ұқыпты қарауға көмектесу: табиғатта тепе-теңдік ұстау және бар экологиялық проблемаларды шешу мен жаңаларын болдырмау арқылы адамзаттың өмірін жақсарту;
- басқа мектептермен, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен бірге энергия үнемдеу акцияларына қатысу арқылы проблемаларды шешуде шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау, ұжымдық дағдыларды қалыптастыру;
- қоршаған ортаға адамгершілік көзқарасты тәрбиелеу;
- қоршаған ортаның мәселесі бойынша дұрыс шешімдерді қабылдау және ойланған әрекеттерге кірісу;
- зертханаларда, сыныптарда, үйде, табиғи экожүйелерде жұмыс жасауға үйрету;
- кітапханаларда әдебиеттермен жұмыс жасауды, рефераттарды жазу, зерттеу жұмыстарын ресімдеуді үйрету;
- көпшілік алдында және әртүрлі конференцияларда өз жұмыстарын қорғауға, баяндамаларымен шығуға үйрету;
- балаларды компьютерде жұмыс жасауға (орындалған жұмыстарды ресімдеу барысында, практикалық зерттеулерді талдаған жағдайда және т.б.) үйрету.

Қызметтің маңыздылығы

«Энергия үнемдеу» бағдарламасы бойынша мектептерде сабақтан тыс жұмыстар үшін және қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие қызметінің әртүрлі түрлері қарастырылған. Оқытудың белсенді формаларын кең пайдалануы ұсынылған. Жұмыс барысындағы оқу және тәрбиелік үдерісінде лекциялық, практикалық, зертханалық сабақтар, экскурсиялар, қырда өтетін тәжірибе жұмыстары, шығармашылық жұмыстардың әртүрлі түрлері (рефераттарды, мақалаларды, «Энергия үнемдеу» тақырыптар бойынша шығармаларды жазу) қарастырылған.

Бағдарламада практикалық жұмыстар орындау нәтижесінде пайда болған материалдарды жөндеу: кестелерді құрастыру, фото- және бейнематериалдарды жөндеу, зерттеулерді талдау мен жөндеу қызметтері (нәтижелерді талдау мен жалпылау, есептерді және зерттеу жұмыстарын ресімдеу). Бұл жерде топтық және жеке жұмыстар қарастырылған. Бағдарлама кітапханалардағы жеке жұмыстарды және арнайы компьютерде жұмыс жасау негіздерін меңгеруді қарастырады.

Білім беру қызметіне мүмкіндігінше сабақтарға қатысатын, өз жұмыстарында экскурсия ұйымдастыратын, қырда өтетін тәжірибе

жұмыстарына қатысатын, конференцияларды ұйымдастыруға көмектесетін білім алушылардың ата-аналары тартылады.

Жобаға маңызды қатысушы балалардың жас ерекшеліктері

Кіші жастағы оқушыларға энергияның физикалық мағынасын түсіну қиындыққа соғады. Сондықтан энергия мен энергия үнемдеу мәселелерін кіші жастағы балаларға сол баланың және қоршаған әлемнің позициясынан практикалық жолдармен түсіндірген жөн. Бұл жастағы балаларға ойын түрі, сонымен қатар балалар қолдан жасай алатын (баяу, кесіп жасау, жапсыру) сабақтар ең тиімді және тартымды форма болып табылады.

Жобаның негізгі мақсатты тобы 10-13 жастағы білім алушылар, олар сыныпта, мектепте мәртебесін көтеретін тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды: мектептік патрульде жұмыс жасауды, суды пайдаланудағы және жарықты өшірудегі бақылаулар. Мектепте, үйде энергияны тұтыну және энергия мен ресурстарды үнемдеу, сондай-ақ ғимараттарда жылуды жоғалту бойынша зерттеу жүргізу олардың қолдарынан келеді. Мұндай жұмыстар қарым-қатынасқа және белсенді тәжірибелік қызметке бейім балаларға қызық.

Балалар үшін ең маңыздысы өз жұмыстарының маңыздылығын түсіну болып тұр. Балалардың жоғалған энергияны тапқан ақпаратпен жергілікті атқарушы органдарға жүгіну, мектепке, ауданға тәжірибелік көмек әкеледі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға оқушылар жұмыстарының маңыздылығын көрсетеді. Осы жастағы оқушылар жоба тақырыбына байланысты әртүрлі шығармашылықпен айналысады – сурет салады, макеттер жасайды, ертегілер мен тақпақтарды жазады, байқауларға қатысады.

Жоғары сыныптағы оқушылармен жұмыс жасаған кезде олардың жобалары болашақ мамандықтарына немесе қоғамдық қызметтерге байланысты болған жағдайда ғана үлкен жетістікке жетуге болады. Зерттеу жұмыстарына бейім жоғары сыныптағы оқушылар энергия мен энергия үнемдеу тақырыбына, әдістемелерді таңдауға, нәтижелерді талқылауға байланысты зерттеу жұмыстарын орындай алады. Автор таңдаған Жоғары оқу орындарындағы конференцияларға немесе семинарларға қатыса алады және бұл жұмыстарды жариялауға болады.

Жоғары сыныптағы оқушылар зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тарату үшін өз күштерін тілшілік, публистикалық қызметте сынап алады.

Зерттеу сабақтарын ұйымдастырған және жоспарлаған кезде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескерген жөн.

Жоба нәтижелерін тарату мен пайдалану

Жобаның басты миссиясы – энергия үнемдеу жөнінде, энергетика және балалар мен ересектердің (ата-аналардың, көршілердің, аймақтағы тұрғындардың) ортасындағы өзара байланысы туралы білім тарату, энергияны жоғалту проблемаларына жергілікті атқарушы органдардың және мамандардың назарын аудару үшін, энергия тиімділігіне шара қолдану үшін балалардың нәтижелерін пайдалану.

Өз мектебінде жобаны және нәтижелерін қалай таратуға болады:

- Кездесуге, мектептік семинарларға немесе конференцияларға басқа оқушыларды өз жобасы мен жетістіктері үшін бөлісуге шақыру;

- Отбасылық бюджетті және үйдегі энергия үнемдеумен байланысты жұмысыңыз туралы ата-аналарыңызға кездескенде айтуға болады. Мұны жалпы ата-аналардың жиналысында істеуге болады.

- Мектепте қабырға газетін, плакаттарды ілу.

- Газет, листовкаларды шығару және оқушылар мен ата-аналардың арасында тарату.

Мектеп шегінен тысқары жерлерге жобаның нәтижелерін қалай таратуға болады:

ШПИРЭ жобасы және өзіңіздің нәтижелеріңіз туралы ақпаратты ықшамаудандарыңызда таратыңыз және өз жұмыстарыңызды - листовкаларды, суреттерді, қабырға газеттерді көпшілік жерлерде, дүкеннің витриналарында, кітапханаларда орналастырыңыз.

Жергілікті органдармен және саясаткерлермен байланыста болып, оларды мектептегі семинар, кездесулерге шақырып, табыстарыңыз туралы айтып, сұрақтарыңызды қойыңыз. Сіз бір топ бала болып ауданыңыздың Әкімшілігіне келіп өзіңіздің нәтижелеріңізді - энергияны жоғалту жөнінде алаңдауыңыз және тапқан кемшілігіңіз туралы келіп айтуыңызға болады және басшыларға хаттар немесе листовкаларды жіберуге болады.

Сарапшылармен байланысты болып, жергілікті энергетикалық жағдай туралы сұрап білулеріңізге болады.

Энергетика мен қоршаған орта саласында жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдарды тауып, олардың жұмыстары туралы ақпарат алып және олармен жұмыс жасау жолдарын табу керек.

Осы жоба бойынша жұмыс жасайтын басқа мектептермен бірге аймақтық семинар ұйымдастырып, онда ғалымдарды, тілшілерді және жергілікті органдарды шақырыңыз.

Тілшілермен байланыста болып, оларға өз тақырыптарыңызды және нәтижелеріңізді ұсыныңыз.

Энергия жоғалту жөнінде қауіпті жағдайларға барған кезде баспасөз қызметінің қызметкерлерін шақырыңыз.

Сіз энергия үнемдеу бойынша ұсыныстарыңызды өңірлеріңіздегі энергия үнемдеу орталығына немесе энергия тиімділі орталығына жіберуіңізге болады.

26 сәуір – Альтернативті энергетика күні – қала орталығында немесе басқа жерлерде көпшілікке арналған акция немесе көрме ұйымдастыруға және тұрғындар арасында листовкаларды таратуға болады.

Басқа аймақтағы немесе басқа елдегі серіктестіктерге хат жолдауға болады.

Білім алушылардың білімдерін бағалау

Білім алушылардың білімдерін бағалау бірнеше формада өткізіледі: «тестік олимпиада» мен білім алушылардың рефераттары бойынша, конкурстарды өткізу арқылы. Сонымен қатар, күндегі сабақтардың нәтижесі ретінде білім алушылар қосымшаларға сәйкес жазба жұмыстарын (кесте, статистикалық материал, карта және т.б.) орындайды.

«Энергия үнемдеу» бағдарламасы аясындағы білім алушылардың білімі мен білігі «ғылыми-зерттеушілік жұмыстары» конференциясының қорытындысы бойынша бағаланады. Сонымен қатар жобаны қорғаудағы (жұмыс мазмұны, әдістемелерді пайдалану, нәтижелерді дұрыс түсіндіру, баяндаманың сапасы үшін) қойылған қорытынды баға оқытудың барлық кезеңі бойынша білім алушылардың білім, білік дағдыларының интегралдық жиынтығы болып табылады.

Қорытынды

Қосымша білім беру жағдайында бала ойын, танымдық, еңбек қызметіне қатыса отырып дамиды, сондықтан да білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда инновациялық технологияларды енгізу мақсаты – балаларға оқытуда еңбек бақытын сезіну, олардың жүрегіндегі өзіндік адамгершілік қасиетін ояту, оның белсенді қызметін қоса отырып, әрбір білім алушының қабілеттерін дамыту арқылы әлеуметтік проблемаларды шешуге мүмкіндік беру.

Балаларға қосымша білім беруде қолданылатын барлық оқыту, дамыту, тәрбиелеу, әлеуметтік технологиялар:

балалардың белсенділігін ояту;

оларды қызметті жүзеге асырудың оңтайлы тәсілдерімен қаруландыру;

осы қызметті шығармашылық процеске әкелу;

балалардың дербестігі, белсенділігі және тілдесуіне сүйену үшін бағытталған.

Балаларға экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың жеке балаға бағдарланған бағыттылығы бар, тұлғаны әлеуметтік-құндылық белсенділікке қосатын тұлға мен қоғамға қажет қабілеттерді толыққанды дамытуға ықпал етеді, оның өзін-өзі айқындауына көмектеседі, одан арғы бүкіл өмірінде өздігінен тиімді білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Соңғы жылдары біз табиғатқа қатысты: су, жер, орман, табиғи қазбалардың қараусыз жатуына наразылық білдіреміз және экологиялық проблеманы шешуге тырысамыз. Рухани ресурстарды жоғалтудың, сол сияқты табиғи байлықтарды жоғалтудың орны толмас. Әрбір адам – ол бүкіл Әлем емес пе? Сондықтан да, табиғат экологиясымен бірге дарындылық экологиясы, шығармашылық экологиясы, адамның рухани, зияткерлік қабілеттерінің экологиясы пайда болуы тиіс. В.А. Сухомлинский «бала табиғаты – талпынатын зерттеуші, әлемді ашушы. Оның алдында әртүрлі бояулармен, жарық және керемет дыбыстармен ғаламат әлем... ертегі, фантазия, ойын арқылы, қайталанбас балалық шығармашылық арқылы – баланың жүрегіне сенімді жол ашылсын» деп жазған.

Қорытындылай келе оқушылардың экологиялық тәрбиесінің проблемаларын әрі қарай тереңірек қарастыруда қажеттілік туындайды, себебі осындай жұмысты жүргізу барысында келесі жағдайлар шешіледі:

- білім алушылардың экологиялық этикасын дамыту, табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыру;

- эстетикалық, адамгершілік тәрбиені, Отанға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

- айналада болып жатқанның барлығына жеке жауапкершілігін, өз уақытына жауапкершілік сезімімен қарауды қалыптастыру.

Сонымен, оқушылардың экологиялық тәрбиесі, оқушылардың үйлесімді дамуына керек және жұмыстың керекті формасы болып табылады.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан народу
2. Казахстана. Стратегия – 2030. – Астана, 2000. – 24 с.
3. Закон Республики Казахстан «Об образовании».
4. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. – Астана, 2005.
5. Жадрина М.Ж., Нурахметов Н.Н. Содержание образования в школе: проблемы, поиск, перспективы. - Алматы: РИК, КАО им. Ы.Алтынсарина, 1998. - 128 с.
6. Калыбекова А.А. Возможности использования средств народной педагогики в экологическом воспитании школьников. //В сб.Ш Межреспубликанских Тажибаевских чтений «Этнопсихология и этнопедагогика». -Алматы, КазНУ им.Аль-Фараби, 2003. С.76.
7. Махмутов М.И. Современный урок.-М.: Педагогика, 1985.-184с.
8. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. М., 1982,
9. 192с.
10. Аргунова М.В. Стратегия формирования экологической культуры школьников // Химия в школе: журн. – 2009. - №1.
11. Алексеев С.В. Практикум по экологии (Текст) / С.В. Алексеев, Н.В.Груздева, А.Г.Муравьев, Э.В.Гущина. – М.: АО МДС, 1996.–190 с.
12. Величковский Б.Т., Кирпичёв В.И., Суравегина И.Т. Здоровье человека и окружающая среда: учебное пособие. – М.: «Новая школа», 1997.
13. Миркин Б.М., Наумова Л.Г. Экология России. – М.: АО МДС, 1996
14. Самкова В.А., Прутченков А.С. Экологический бумеранг: практические занятия для учащихся 9-10 классов. – М.: Новая школа, 1996.
15. Пономарёва О.Н. Методические рекомендации к учебнику экологии // Биология 1 сентября: газ. – 2001. - №42
16. Волков Г.Н. Этнопедagogика /Под ред. И.Т. Огородникова. - Чебоксары, Чувангкейгоиздат, 1974. -376 с.
17. Герасимов И. П. Экологические проблемы в прошлой, настоящей и будущей географии мира/ Отв. ред. А. Л. Яншин- М. - Наука -1985, 247 с.
18. *Капитальчук И. П.* Устойчивое развитие и экологическое мировоззрение [Эл.ресурс]// Приднестровье XXI/Интернет-издание тираспольской школы политических исследований. — Выпуск № 37-

(Май). Режим доступа: <http://www.pmr21.info/text.php?cat = 9&name = ustoicivoe + razvitie + i + ekologiceskoe + mirovoztrenie&arch = onsite>, — свободный — Заглавие с экрана.

19. На пути к устойчивому развитию России // Бюллетень Центра экологической политики России, -№ 38, -2007.

20. Сборник по материалам международной конференции «Экология, технология, культура в современном мире: проблемы vs решения. — Москва, МГГУ им. М. А. Шолохова, 2010.

21. Стратегия экологического образования и воспитания в XXI веке // Тезисы докладов VI Международной конференции по экологическому образованию. — М.: Изд-во МНЭПУ, 2000. — 398 с.

22. Ушинский К.Л. Труд в его психическом и воспитательном значении//Собр. соч. -М.-Л., 1948. -Т.2,-С.333-361

23. Экологическая культура и образование: опыт России и Беларуси: [Монография] [Алексеев С. В., Анисимов О. С., Архипова Г. Н. и др.]; Ред.: С. Н. Глазачев [и др.] - М.- 2000, 614 с.

24. ENVIRONMENTAL EDUCATION HIGHLIGHTS — examples of EPA's current efforts to solve our nation's environmental challenges through environmental education. — ENVIRONMENTAL PROTECTION AGENCY UNITED STATES, 2009.- PP. 1–13

25. Сайт Министерства юстиции ПМР [Электронный ресурс]. — Законы ПМР — Режим доступа:<http://minjust.org/web.nsf>, свободный. — Загл. с экрана.

1-қосымша

6-8 сыныптарды – қызығушылық, байқаушылық, динамикалық процеске қызуғышылық; пәндік-жалпы ойлау, қабілеттері мен дағдыларын тез қамту; эмоционалды бейімділік.

9-11 сыныптарда – түсінуге талпыныс, жинақтау, өз бетімен жұмыс істеу қалауы, өмірде өз орнын анықтау.

Тақырыптық сабақтар

Сабақтардың тақырыбы	Сабақ түрі, негізгі әдістер (сағ. саны)					
	Теория.	Тәж.	Зертх.	Экскур.	Кино.	Сын.тыс
1. Кіріспе (3 сағат) "Біз нені үйренеміз"	1	1		1		
2. Энергия (18 сағат)	6	5	1	2	1	3
3. Энергияны тұтыну (14 сағат)	5	4		3	2	1
4. Энергияны тұтынудың тұрақты әдістері (16 сағат)	6	4		3	1	1
5. Энергетиканың көздері (21 сағат)	5	7	2	3	1	3
Барлығы:	72 сағат					

Ескерту: сыныптан тыс іс-шаралар және көркем іс-шаралар – олар: қойылым, концерт, үгіттеу қойылымдары, акция жүргізу және т.б.

Оқыту және тәрбиелеу процесіндегі сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар оқу сыныбындағы сабақтардан гөрі көптеген артықшылыққа ие:

- оқытудың ең тиімдісі белсенді үдерісі болып табылады;
- тәжірибелік сабақтарда негізделген оқыту процесі қоршаған ортаны жақсы түсінуге мүмкіндік береді;
- адамдардың өмір қызметіне қатысты қоршаған ортаның негізгі мәселелерін зерттеуге мүмкіндік береді;
- қоршаған ортаны сақтауда жауапкершілікті сезінуге және қоршаған ортаны қорғауда дұрыс тәсілдерді тәрбиелеуге көмектеседі;
- білім алушыларды оқыту үдерісінде белсенді қатысуға, топта және жеке жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады.

Бұл бағдарламаның басты ерекшелігі сабақтың көп бөлігі сыныптан тыс жерлерде өткізіледі. «Энергия үнемдеу» бағдарламасының курсы біржылдық. Курсты аптасына 2 сағаттан есептеуді ұсынамыз, жылына барлығы 72 сағат. Оқыту барысында жеке сабақтар, әңгімелесулер және кішкене топтардағы жұмыстар (өз бетінше шығармашылық жұмысты орындау барысында, ғылыми конференцияларға және көпшілік алдында сөз сөйлеуге дайындалғанда) қарастырылған.

Кіріспе (3 с.)

1. «Тұрақты даму бағдарламасы». Энергияны қорғау қажеттілігі. Энергия үнемдеу (теориялық, әр елдегі балалар телекөпірі).
2. Күн – Жердегі өмір мен энергия көзі (бейнефильмді көру және талқылау).
3. Энергия тұтыну. Энергия үнемдеуге арналған тест (практикалық жұмыс).

1. Энергия (18 с.)

4. «Энергия» ұғымына анықтама. Энергия формалары. Энергияның бір түрінен екінші түріне өтуі. Энергияны өлшеу тәсілдері (теориялық сабақ, семинар).
5. Күш – энергия жұмсалатын жылдамдық өлшемі. Энергияның сақталу заңы және оның әр түрлі құрамы (теориялық, лекция, әңгіме).
6. Мәңгі қозғалтқышты құрастыру мүмкіндігінің жоқтығы. Энергияның түрленуінің энергетикалық циклі (сыныптан тыс іс-шара, рөлдік ойын).
7. Энергия мөлшері заңы (энтропияның жоғарлау заңы) және оның түрлі құрамы (теориялық, әңгіме).
8. Энергияның сапасы бойынша классификациясы: өте жақсы, жоғары, төмен (іскерлік ойын, баспасөз конференция).

9. «Энергия үнемдеу» терминіне анықтама. Энергия үнемдеудің негізгі бағыттары. Энергияның сақталу және энтропияның жоғарлау заңдары тұрғысынан энергияны үнемдеу (экскурсия, энергияны жоғалтқан аймақтарды жеке бейнефильм түсіру).

10. Қоршаған ортаны қорғауда энергия үнемдеудің маңызды орны (теориялық, дискуссия).

11. Қайта қалпына келетін энергия көздері: күн, жел, өзендегі судың қозғалысы (сыныптан тыс іс-шара, көркем іс-шара, концерт).

12. Жердің энергетикалық тепе-теңдігі. Қалпына келетін энергия көздерін пайдалану – қоршаған ортаға қауіпсіз (теориялық, конференция).

13. Қайта қалпына келмитін энергия көздері: мұнай, көмір, газ, шымтезек және уран (кинофильмді, бейнефильмді, слайдтарды көру және талқылау).

14. Қалпына келмитін энергия көздерін таусылуы. Мұнайды, көмірді, газды, шымтезекті және уранды пайдаланудың қоршаған ортаға кері әсері. Энергия көзінің түрлі артықшылығы және кемшілігі (жергілікті ТЭЦ-ке экскурсия).

Тәжірибелік және зертханалық жұмыстар:

15. Тәулік ішінде энергияны талап ететін жұмыстардың барлығын талдау. Тәулік ішінде пайдаланылған энергия түрлерін талқылау.

16. Қатысушылардың электроэнергия есептеуіш көрсеткішінің ақпараты бойынша «Үй энергиясын өлшеу» кестесін толтыруы. Апта ішінде энергияны пайдалану графигін құру. Қатысушылардың үйдегі немесе пәтердегі жылу энергиясының көзін анықтауы.

17. Энергетикалық циклдің моделін құру.

18. Қатысушылар тәулік ішінде энергия тұтынуды көрсететін кестесін құруы. Келесі күнге энергияны тұтынуды қысқарту жолдарын қарастыру.

19. Электр энергиясын тұтынуда қоршаған ортаның ластануына себеп болатын жағдайларды талқылау. Мәселені шешу жолдарын талқылау.

20. Энергия тұтыну тұрғысынан әр түрлі өнімдер мен олардың қаптамасын бағалау. Өнеркәсіпте энергетикалық шығындардың өсуі бойынша тауарлар рейтингі. Қаптамаларды қайта өңдеу және алдағы уақытта пайдалану мүмкіндігін талқылау.

II. Энергия тұтыну (14 с.)

21. Энергия – өмірдің сапасын жақсарту құралы. Энергияны алу және оны пайдалану әдістері адамзатқа қол еңбегін ауыстыру мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді (бейнефильмді көрсету).

22. Энергия тұтыну тарихы. Ертедегі адамдардың бұлшық ет күшін пайдалануы. Техникалық прогресстің дамуы және қиын

физикалық жұмыстың жеңілдеуі. Қалпына келетін энергия көздерін ұқыпты пайдаланудан - қалпына келмитін энергия көздерін ойланбай пайдалануға дейін (сыныптан тыс іс-шаралар, көркем іс-шаралар).

23. Электроэнергия және қалпына келмитін энергия көздеріне адамның тәуелділігінің артуы. Кім энергия көздерін басқарса, сол билікке ие болады (теориялық, рөлдік ойын).

24. Әлем тарихында әр түрлі қоғамда энергия тұтыну: алғашқы қауымдық, ерте ауыл шаруашылығы, орта ғасырлық, қазіргі заманғы. Қол еңбегінің машиналыққа ауысуында Джеймс Уаттың туындысының рөлі. Ресейде қазіргі заманғы энергияны шығару құрылымы. Жер бетіне энергия көзінің біркелкі емес таралуы. Бай және кедей елдер (теориялық, түрлі елдердің балаларымен телекөпір).

25. Қоршаған ортаға энергия тұтынудың тиімсіз әсер етуі.

26. Атмосферадағы көмірқышқыл газының концентрациясының артуының себептері. Булы әсер. Адамзаттың қызметінің нәтижесінде пайда болған әсер мен табиғи булы әсер арасындағы ерекшелік. Булы газдар. Климаттың ғаламдық жылуының кері әсерлері (теориялық, семинар).

27. Тұман. Қышқыл жаңбырлар (қышқыл шығындары бар өнеркәсіп маңында орналасқан орманға немесе саябаққа экскурсия).

28. Гидросақтаушылар, гидроэлектрстанциялар құрылған кезде көптеген ауылшаруашылық жерлер аумақтарынан айырылады (жергілікті гидросақтаушыларға экскурсия).

29. Чернобыль АЭС-індегі апат салдары (бейнефильмді қарау және талқылау).

30. Энергетикалық дағдарыстар және оның себептері. Қалпына келмитін энергия көздерінің таусылу мерзімінің болжамы. Үшінші әлем елдерінде қазіргі заманғы жанармай құлдырауы.

31. Ағаш – кедей елдерге маңызды отын. Жердегі ормандардың азаюы (орманды кесуге экскурсия).

32. Жанармайға бағаның өсуі. Болашаққа жоспарлар. Қалпына келмитін энергия көзінен қалпына келетін энергияға көшу. Энергия тұтынуды төмендету қажеттілігі.

Тәжірибелік жұмыстар:

32. Тағамды шығаруда және тасымалдауда энергияның шығынын көрсететін «Тағам және энергия» кестесін құру. Энергияны тұтынуды азайту және біздің қоректің құнарлылығын жақсарту мүмкіндігін талқылау.

33. Бай және кедей елдерде халықтың энергияны тұтыну деңгейіндегі айырмашылықтарын талқылау.

34. Қара қағаз мен фольгамен банкалардың мысалында, парникті әсерін модельдеу. Қара қағаз банкісінде температура жоғарлау себептерін талқылау.

35. Атмосфераға көлік құралдарын, бензин тұтыну және көміртегі диоксиді шығындарын пайдаланудың рационалдығын көрсететін кесте құру. Көлік құралдарын ұтымды пайдаланудың жолдарын талқылау.

III. Энергияны пайдаланудың тұрақты әдістері (16 с.)

36. Энергияны үнемдеу – энергияның ең арзан және экологиялық таза «көзі» (теориялық, «Сарапшылар» байқауы.)

37. Энергияны пайдаланудың негізгі міндеттері: жылыту, салқындату, жарықтандыру және механикалық жұмыстар (теориялық, дөңгелек үстел).

38. Энергияны тиімді пайдалану (сыныптан тыс іс-шаралар, көркем іс-шаралар).

39. Энергияны тиімді пайдалануға қол жеткізу үшін ғылымды қолдану (теориялық, баспасөз конференциясы).

40. Энергияны үнемдеудің негізгі принциптері: энергияны тиімді пайдалану, сапасы төмен энергия көздерін (жылу) пайдалану, қоғам мен біздің өмірімізді тұрақты жолмен ұйымдастыру (бейнефильмді көру).

41. Энергияны үнемдеудің кеңінен пайдалану мүмкіндігі. Энергияны үнемдеудің әртүрлі шаралары (теориялық, талқылау).

42. Бөлмеде жылуды сақтау. Мамандар үшін қарапайым шаралар және бөлмелерді жылыту шаралары. Бөлмелерде жылуды табысты жинақтау мысалдары. Жылуы жоқ үй (энергияны үнемдеуші үйге және жылуы жоқ үйге экскурсия).

43. Ыстық суды пайдалану. Суды жылыту үшін энергия шығыны.

44. Ыстық суды ұтымды және шамадан тыс тұтыну. Қарапайым және мамандардың ыстық суды тұтынуды төмендету шаралары (теориялық семинар).

45. Бір нәтижеге қол жеткізу үшін әр түрлі көлікті пайдаланудың түрлі тиімділігі (теориялық, рөлдік ойын).

46. Қоғамдық көлік (автобус, троллейбус, трамвай, поезд, метро) - энергия тұрғысындағы қозғалыстың ең тиімді әдістері болып табылады.

47. Көліктің энергияның шығындарын төмендетудегі қарапайым шаралар және мамандар шаралары.

48. Тауарларды тұтыну - жалпы энергияны тұтынудың негізгі түрі.

49. Өнеркәсіпте энергияны тұтынуды азайту әдістері. Материалдарды қайта пайдалану (теориялық, ғылыми-зерттеу жобаларын қорғау).

50. Қоқысты өртеудің қоршаған ортаға және адам денсаулығына зияны. (қоқыс қоймасына экскурсия).

51. Қоқысты өртеуде арнайы ұйымдардың қажеттілігі.

52. Өнеркәсіпте энергия шығынын азайтуға арналған қарапайым шаралар және мамандар шаралары (теориялық, семинар).

Тәжірибелік жұмыс:

53. Өз пәтеріңнің «Энергия төл құжатын» құру.

54. Энергияның біздің өміріміздегі және әлем өміріндегі рөлі жайында, «Энергия жіне біз» тақырыбында шығарма жазу.

55. Энергияны үнемдеу стендін даярлау.

56. Ыстық су шығынын өлшеу және оны жылыту үшін арналған энергияны есептеу.

IV. Энергия көздері (21 с.)

А. Қайта қалпына келетін энергия көздері.

57. Қайта қалпына келетін энергия көздерінің бес категориясы: күн, жел, су, геотермалдық және биомассалық (сыныптан тыс іс-шаралар, көркем іс-шаралар).

58. Күн – таусылмайтын энергия көзі. Экологиялық таза күн энергиясы. Энергия құралдарының жұмысы, ғимараттарды жылыту немесе үйлерді жарықтандыруда күн энергиясын пайдалану мәселесі.

59. Күн энергиясын пассивті пайдалану. Күн энергиясын белсенді пайдалану. Күн элементтері (күн батареясы). Күнмен жылыту жүйесі (теориялық, конференция).

60. Биоэнергия – биологиялық массаның (биомасса) әр түрінен алынатын энергия. Жер бетінде биоэнергияны жинақтауда фотосинтездің рөлі. Биомасса көздері. Биомассаның биоэнергияға түрлену әдістері: жану, пиролиз, көнді ашыту және т.б. Биоэнергияның артықшылығы және кемшілігі (жылыжайға экскурсия).

61. Жел – ауалық массаның қозғалысы. Күн – жел энергияның көзі. Адамның жел энергиясын пайдалану тарихы. Желдің энергия станциялары. Заманауи жетекші елдердің жел энергиясын пайдаланудағы мысалдары. Желдік энергия станцияларының артықшылықтары. Жел энергия станцияларының көрінетін және нақты кемшіліктері (сыныптан тыс іс-шара, көркем іс-шаралар).

62. Гидро энергия – ағымдағы судың энергиясы. Гидроэлектростанциялар. Гидроэлектрэнергия – қайта қалпына келетін энергия көзі. Су қоймалары мен бөгеттердің қоршаған ортаға теріс әсерлері. Гидроэлектростанциялардың күші. Көтерілуі мен қайтуы – теңіз жағалауындағы энергия көзі (теориялық, семинар).

Б. Қайта қалпына келмитін энергия көздері.

63. Қайта қалпына келмитін энергия көздері – миллиондаған жылдар бойына жер қойнауында қалыптасқан энергия көздері. Қалпына келмитін энергия көздерінің таусылуы (теориялық, дискусия).

64. Газ, мұнай және көмір – жоғары дамыған елдердің негізгі энергия көздері. Қалпына келмитін энергия көздерін пайдаланудың қоршаған ортаға теріс салдары (теориялық, рөлдік ойын).

65. Табиғи көмір - батпақты өсімдіктердің ыдырау өнімі. Көмірді адамзаттың пайдалану тарихы. Булы қозғалтқыш. Көмір және бу – Еуропа мен Америкада өндірістік капитализмнің пайда болуы мен дамуының себептері. Ағаш көмірі. Көмірді өндіру. Қауіпті мамандық – шахтер. Көмірді пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаның ластануы. Көмірдің теріс салдарын азайту үшін қазіргі заманғы технологиялар (көмірмен жылытылған қазандыққа экскурсия).

66. Мұнай - мұнай-химия өнеркәсібі үшін шикізат көзі, пластмасса және дәрі-дәрмек өндіруші энергия көзі. Мұнай өнеркәсібінің пайда болу және даму тарихы. Мұнай - көмірсутек шикізатын кешенді қоспасы. Мұнайдың жер бетінде пайда болуы. Мұнайды өңдеу. Қоршаған ортаға мұнайды алу, өндіру, тасымалдаудың кері әсерлері (жанар-жағар май құю станциясына экскурсия).

67. Табиғи газ – қалпына келмитін энергияның ең экологиялық таза формасы. Ресей – газды өндірудегі әлемдік көшбасшы. Газды тасымалдау және пайдалану (теориялық, іскерлік ойын).

68. Атомдық энергия станциялары (АЭС). Радиоактивті элементтер – АЭС-ке жанар-жағар май. Уран ядросының энергиясы электр энергиясына айналуы. Ядролық реакторлар. «Ұзақ өмір сүретін» АЭС қалдықтары. Радиоактивті қалдықтарды сақтау мәселелері. «Арзан» АЭС энергиясы және қымбат ядролық реакторлардың қауіпсіздік жүйесі (бейнефильмді көру және талқылау).

69. Чернобыль АЭС-нің авариясының салдары (сыныптан тыс іс-шаралар, «Біз энергия үнемділігіне дауыс береміз! Экологиялық арт-акциясы»).

Тәжірибелік және зертханалық жұмыстар:

70. Күн батареясы моделін құру.

71. Жергілікті биомасса көздері мен оларды пайдалану тізімін дайындау.

72. Биожылыту моделін құру.

73. Жел немесе су диірменінің моделін құру.

74. Су диірменінің моделін құру.

75. Қалпына келетін энергияның оң және теріс аспектілеріне салыстырмалы кесте дайындау. Жергілікті қалпына келетін ең тиісті энергия көздерін анықтау.

76. Бір жанұяға ыстық судың шығынын есептеу. Сондай мөлшердегі суды жылыту үшін энергия және газ мөлшерін есептеу. Осыған ұқсас аптаға, айға, жылға есептеу.

77. Табиғи газ және торф - батпақты өсімдіктердің ыдырау өнімдері.

78. Ағаш көмірін алу жолдары.

Тематикалық оқу бағдарламасы
«Болашақтың қуат көзі»

Түсіндірме хат

Қазіргі кезеңдегі физика ғылымының аса қарқынды дамуы және оның басқа ғылым салаларымен тығыз байланысы барлық әлемнің жоғары және орта мектептерінің алдына үлкен міндеттер қойды. Бұл мәселені шешудегі қиыншылықтар: ақпараттың аса ауқымдылығы, заманауи физиканың мазмұны мен оны білім алушыларға меңгертудегі қиыншылықтар, теория мен практиканың байланысы жоқтығы, пәнді оқытудағы қолданбалы жағы ескерілмейтіндігі.

Тығырықтан шығудың бірден бір амалы мектепте ұйымдастырылатын факультатив сабақтары арқылы білім алушылардың білім-білік дағдыларын дамыту.

Қазіргі таңда барлық білім мекемелері таңдау мүмкіндігі бар білім беру жүйесіне көшуде. Білім алушы өзінің қызығушылығына, талабына және қабілетіне қарай білім ала алады. Бұл мәселені шешудің амалы факультативтік сабақтарды ұйымдастыру.

Мақсаты:

1. Қоғамдағы саяси-экономикалық өзгерістер, қалыптасып жатқан жаңа экономикалық жүйе мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын өзгертуді талап етеді.
2. Бағдарламаның мақсаты білім беру жүйесінде жүргізілген реформалар негізінде физика пәнін сапалы деңгейде оқыту.
3. Әрбір білім алушының жеке даралығын, бейімділігін мүмкіндігінше дамыту, теорияны практикамен ұштастыра отырып, оқытудың тұлғалық бағытталуын жетілдіру.

Міндеттері:

білім алушылардың ой-өрісін дамыту, олардың өз бетінше білім ала білуін және оны қолдана алуын, физикалық құбылыстарды бақылай алу біліктілігін қалыптастыру;

білім алушыларды эксперименттік деректер, ұғымдар, заңдар, теориялар, әлемнің физикалық бейнесі туралы, физика заңдарының техника мен технологияларда қолдануға қажетті біліммен қаруландыру;

физикаға және техникаға танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттіліктерін, оқуға деген саналы көзқарасты, білімді жалғастыруға және кәсіпті саналы таңдауға дайын болуды қалыптастыру.

оқылған материалды өзінің болашақ мамандығында көру, физикалық білімнің қолданбалы сипатына баса назар аудару.

Өзектілігі: білім алушылардың қабілеттерін, нарықтың сұранысын және әр типті білім беру мекемелерінің ерекшеліктерін ескере келе, алдымызға қойған мәселені шешуге бағытталған бағдарлама жасау.

Жаңашылдығы: көмірсутекті отын қорларының күннен күнге азаюына және адамзаттың энергияға деген сұранысының күрт артуына байланысты баламалы энергия көздерімен таныстыру, қолда бар энергия көздерін үнемді пайдалану, табиғатты қорғау және парниктік эффекті болғызбау.

Педагогикалық пайдалылығы: 8-сыныпта білім алушылар «отынның жану жылуы», «энергияның айналу және сақталу заңы», «шала өткізгіштер» және «электромагниттік индукция» тақырыптарымен таныс болған. Бағдарламаның педагогикалық пайдалылығы осы ұғымдарды дамыта отырып, жаңа баламалы энергия көздерін меңгерту.

Ерекшелігі: мектеп бағдарламасында қарастырылмайтын тақырыптарды оқыту, ұғымға синергетикалық жолмен келу, білім алушылардың ізденімпаздығын арттыру, үнем мен ұқыптылыққа тәрбиелеу, теорияны практикамен ұштастыру.

Болжамды нәтиже: балама энергия көздерімен таныса келе, экологиялық отын түрлерін білу, аймақтық энергия түрлерін (күн, жел, су) ескеру. Білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеуін арттырып қана қоймай, колледж немесе жоғары оқу орнына бағытталған білімге даярлау, зерттеу жұмыстарын өз бетімен өткізуге бағыттау.

Нені білу керек:

Қазақстан Республикасы білім беру стандартының білімге қойылатын талабын игеру және дамыту. Қосымша:

ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей алу;

пәндік энциклопедияларды қолдану;

анықтағыштар мен анықтамаларды қолдану;

мектеп бағдарламасынан тыс жоғарғы оқу орындарының әдебиеттерімен жұмыс істей алу;

басылым және баспа материалдарын қолдана алу;

анализден синтез, синтезден анализ жасай алу;

өздігінен оқу, өзін-өзі бағалау және бақылай білу;

аздаған өзгешеліктерді, күрделі ойларды байқау;
зерттеу жұмысының мақсатын анықтай алу;
теорияны практикамен ұштастыра алу;
оқып, зерттеп білгендерден қорытындылау нәтижелілігі.

Негізгі игеруі қажет:

Қазақстан Республикасы білім беру стандартының негізінде теорияны практикамен ұштастыра алу.

Зерттеу жұмыстарының негізінде жаңа қуат көздерін таба білу және еліміздің гүлденуі үшін оны қолдану аясын анықтай алу.

Балама энергия көзі

Соңғы жылдары елімізде қалпына келетін энергия көздеріне энергетикалық кешенді дамытудың бір тармағы ретінде қарай бастады.

Мемлекет пен бірқатар бизнес құрылымдар тарапынан оны қолданысқа енгізуге зор күш салынуда. Оның себебі қайта қалпына келетін қуат көздерін тиімді пайдалану энергияны үнемдеуге мүмкіндік берсе, екіншіден экологиялық мәселелердің түйінін тарқатады деуге болады. Қазақстанда қалпына келетін энергия көздерінің тұрақты кешенін құру мемлекеттің тікелей қатысуымен жүзеге асатын шаруа болғандықтан, бұл мәселе үкімет деңгейінде қолға алынған. Балама энергия көздеріне жел, күн, су, биоотын, биогаз жатады. Баламалы энергетиканың негізгі мақсаты балама энергия көздерін табу және оны пайдалану. Сарқылмайтын энергия көздері табиғатта бар және олар экологиялық жағынан таза және үнемді. Олар дәстүрлі энергия көздерін ауыстырып қана қоймайды, сонымен қатар ауаны ластамайды, парниктік эффект туғызбайды.

Энергия қорларын үнемдеу бүгінгі күннің аса маңызды міндеттерінің біріне айналды. Өнеркәсібі дамыған әлемнің барлық мемлекеттерінде энергияны үнемдеу шаралары дұрыс жолға қойылған. Өйткені көмір мен көмірсутегімен жұмыс істейтін жылу электр станциялары түбі бір экологиялық проблемалардың асқынуына әкеп соқтыратыны белгілі жайт. Сондықтан әлем қайта қалпына келетін жергілікті энергия көздерін энергия үнемдеудің басты қайнар көзі ретінде қабылдап отыр.

Жел, күн, биогаз қондырғыларының құрылымын, жұмыс істеу принциптерін, олардың энергияларын пайдалану технологияларын қазірде әрбір азамат мектеп қабырғасынан білуі керек. Жел және гелиотехникалық, биогаз қондырғыларынан алынатын энергиялардың тиімділігін, энергетикалық аналогиялық көрсеткіштерін дәлелдей алуы, жел, күн, биогаз энергияларын ауыл шаруашылығында, су тарту насосында, қыздырғыш аспаптарында, жылу радиаторларында, теңіз суын тұщыландыратын аспаптарда, шағын фотоэлектрлік

станцияларда, тұрмыста қолдануын толық білуі, тиімді, тиімсіз жақтарын ұғынып, дәлелдей алуы қажет. Бұл оқушыларға ТАБИҒАТ АНАМЫЗДЫ аялауға тәрбиелейді. Жел, күн, биогаз энергетикасының келешегі зор.

«Болашақтың қуат көзі» бағдарламасы

р/ с	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	Кіріспе. Энергетика проблемалары. Энергия көздері. Балама энергия көздеріне (БЭК) өтудің негізгі себептері.	1
1.	I Дәстүрлі энергия көздері (14 сағ.) Электромагниттік индукция құбылысы.	1
2.	Су электр станциялары және оның Қазақстандағы энергия өндірудегі үлесі (су қоймасы арқылы).	1
3.	Тасқын судың энергиясын пайдалану.	1
4.	Толқындық энергетика.	1
5.	Аэро су электр станциясы.	1
6.	Кіші өзен суларының энергиясын пайдалану.	1
7.	Су электр станциясының моделі, қолдану мүмкіншілігі.	1
8.	Жылу электр станциялары.	1
9.	Жылу электр станцияларының табиғатқа әсері.	1
10	Атом энергетикасы. Ядролық реакторлар.	1
.		
11	Ядролық энергияны пайдалану.	1
.		
12	Термоядролық реакциялар.	1
.		
13	Термоядролық реактор.	1
.		
14	Атом энергиясының бүгінгі мен ертеңі. Радиация әсері.	1
.		
1.	II Балама энергия көздері (18 сағ.) Мұнай мен газ. Газдыгенератор.	1
2.	Жел энергиясы.	1
3.	Жел қондырғысымен электр энергиясын өндіру технологиясы.	1
4.	Жел қондырғысын жасау және оның пайдалы әсер коэффициентін арттыру жолдары.	1
5.	Жел энергиясына байланысты сапалық есептер шығару.	1
6.	Күн – энергияның аса қуатты көзі.	1

7.	Шала өткізгіштер. Қоспалары бар шала өткізгіштер.	1
8.	Күн батареялары (фотоэлементтер).	1
9.	Биогаз, синтез-газ туралы мәліметтер.	1
10	Биогаздың құрылымы және жұмыс істеу принципі.	1
11	Биогаз қондырғысының (БГҚ) макетін жасау.	1
12	Биоотын түрлері.	1
13	Биодизель, биоэтанол.	1
14	Қатты ағаш, сабан т.б. қалдықтары.	1
15	Жылу берілу арқылы жер асты энергиясын пайдалану.	1
16	Жылу насостары.	1
17	Жылу үнемдегіш ғимараттар.	1
18	Үнемді шамдар.	1
	Оқылған материалды қорытындылау.	1
	Барлығы:	34

Тематикалық оқу бағдарламасы
«Қазақстандағы балама энергетика»

Түсініктеме хат

Білім беру бағдарламасында «Оқу пәні мазмұнының вариативті бөлігі» қолданбалы курстар мен таңдау курстары бойынша оқу бағдарламаларын жасауға және жүзеге асыруға бағытталған. Оқыту бағдарына тәуелсіз, физикаға және оның аспектілеріне қызығушылық білдірген білім алушыларға физикадан қолданбалы курстарды таңдауға мүмкіндік беру арқылы пәнді зерделеуге бөлінетін сағат сандарын ұлғайта алады. Бүгінде энергия түрлерін пайдаланбайтын бірде-бір шаруашылық саласы жоқ.

«Қазақстандағы балама энергетика» қолданбалы курсы 10-11 сынып білім алушыларының физикадан оқу бағдарламасына сай алған білімдерін әрі қарай жетілдіру, тереңдету мақсатында алынып отыр. Мазмұнның бағдарлы деңгейі жаратылыстану-математикалық бағыттың қайсыбір бағдарлары аясындағы білім алушылардың физикадан жалпы білімдік дайындығын кеңейтуді және тереңдетуді, сондай-ақ таңдап алған оқу бағдары немесе мамандық саласы (орта немесе жоғары кәсіби) бойынша білім берудің келесі деңгейімен сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Бағдарлама аптасына 1сағаттан, барлығы 34 сағат, мазмұны *ғылыми-техникалық*, функционалдық міндеті жалпы білім беретін мектептегі 10-11 сынып білім алушыларын бағдарлы оқытуға негізделген *қолданбалы курс* ретінде ұсынылып отыр. Аталған курс білім алушыларға оның қызығушылықтарының қажеттіліктеріне сәйкес келетіндей қосымша білім алу көлемін еркін меңгеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны толық игеру үшін сапалық есептер мен практикалық жұмыстар енгізілген. Білім алушылар қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу, шағын жобалар мен рефераттар, слайд-презентациялар дайындау арқылы Қазақстанның балама энергетика көздерімен танысып қана қоймай, энергияның қорларын үнемдеу және пайдалану жолдарын іздестіру арқылы келешекке нық қадам жасайды.

«Қазақстандағы балама энергетика» курс мазмұны:

Энергетикалық ресурстар туралы түсінік (3 сағат).

Су энергетикалық қорлар және оларды пайдалану (3 сағат).

Болашақ энергия көздері (5 сағат).

Атом энергиясы (3 сағат).

Қазақстанның энергетикалық шикізат көздері (3 сағат).

Ауыр және жеңіл өнеркәсіптің шикізат және энергетикалық базасы (3 сағат).

Энерготехнология негізі (6 сағат).

Электроэнергетиканың дамуы (4 сағат).

Энергоресурстардың айналуы (2 сағат).

Аталған тақырыптар арқылы қазіргі заманғы Қазақстанның энергетикалық бейнесін және энергетиканың балама көздерінің ғылыми таным әдістері туралы білімді игерту;

бақылаулар жүргізе алу, экспериментті жоспарлап, оны жүзеге асыра білу, меңгерген білімдерін әр түрлі табиғат құбылыстары мен процестерді түсіндіру үшін пайдалана білу;

курстан игерген білімдерін күнделікті өмірде және зертханалық мәселелерді шешу, жобаларды орындау, әр түрлі іс-әрекет түрлерінде жаңа міндеттерді қоя білу үшін қолдана алу;

ғылыми-жаратылыстану ақпаратының шынайылығын бағалай алу, білімдермен жұмыс істеу үшін әр түрлі ақпарат көздерін және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана алу біліктерімен қарулану арқылы жүзеге асады.

Мақсаты:

1. Қазақстанда қазіргі кездегі балама энергетиканың маңыздылығы және қолдану аясының физикалық негіздерін ұғындыру.

2. Қазақстан электр энергетикасының дамуының негізгі кезеңдерін және балама қуат түрлерін – жел, күн, атом энергиясын электр энергиясының базалық көзіне айналдырудың жолын таба білетін және энергетикалық дағдарыстан шыға білетін тұлғаны қалыптастыру.

3. Елжандылыққа, отансүйгіштікке, үнемшілдікке баулу.

Міндеттері:

білім алушыларды энергетика саласына бейімдеу;

білім алушылардың практикалық-теориялық білімдерін кеңейту және зерттеу жұмыстарын орындауға бағыттау;

физикалық білім негізінде (энергияның айналу және сақталу заңдары арқылы) балама энергетика көздерін техникада және тұрмыста т.б жерлерде тиімді қолдануға үйрету.

Өзектілігі:

келешекте халықты энергиямен қамтамасыз ету, негізінен, жаңа энергия көздерін игеру арқылы шешілмек, себебі қазіргі кезде табиғи энергетикалық ресурстардың анықталған қоры біршама азайған. Энергия мен қорларды үнемдейтін технологияларды дамыту барған сайын өзекті мәселеге айналып барады, бұл мәселені шешу үшін жан-

жақты ізденіс тұрғысынан қамтамасыз етілген, шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға қалыптастыру қажет.

Жаңашылдығы:

білім мазмұнына жарқын болашақтың кепілі ретінде балама энергетикалық сипаттағы мәліметтерді енгізу арқылы оқушылар жұмыс нәтижесін қысқаша ақпарат, график, модель, диаграмма, слайд-презентация, жоба, басылым т.б түрінде қорғай біледі, ең бастысы, өз бетімен іздену қабілеті дамиды.

Ерекшелігі:

білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, практикалық қызметтерін жүзеге асыруға, бұл жерде табиғаттағы физика заңдылықтарының мағынасын аша отырып, жаһандану үдерісінің дамуын және алған білімдерін жаңа контексте қодануға үлкен мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже:

балама энергетика болашақта негізгі энергия қорларын толықтырады және Қазақстанда сарқылмас қуат көзі бола алады. Білім алушы кәсіптік бағыт-бағдарын анықтауға мүмкіндік алады.

Курсты ұйымдастыру формасы:

жобалау әдісі, дәріс, шығармашылық топпен жұмыс, конференция-сабақ, слайд-презентация.

Курсты оқытуды аяқтау формасы:

шығармашылық тест, макет қорғау, ғылыми жоба, сынақ, шығармашылық көрме.

Пәнаралық байланыс:

математика, химия, дүниежүзі тарихы, биология, география, астрономия.

Кәсіптік бағдар:

физика пәні мұғалімі, дәрігер, биолог, эколог, технолог, мұнай-газ ісі маманы, телекоммуникация, инженер-механик, энергетик, стандарттау, сертификаттау және метрология маманы, ауыр және жеңіл өнеркәсіп мамандары.

Нені білуі керек:

зерттеу жоспарын, шағын бағдарлама жасау;

алған мәліметтерді: сызба, кесте, тірек конспект түрінде көрсете білу;

қолданбалы және техникалық сипаттағы сапалық есептерді өздігінен шығара білу;

эксперименттер мен ғылыми болжамдарды ұсыну және орындай білу;

шығармашылық топпен ұжымдық, достық қатынаста болу;

жұмыс нәтижесін қысқаша ақпарат, график, модель, диаграмма, слайд-презентация, жоба, басылым т.б түрінде қорғай білу;

ақпарат көздерімен (оның ішінде электрондық) жүйелі жұмыс істей білу;

физикалық білім негізінде (энергияның айналу және сақталу заңдары арқылы) балама энергетика көздерін техникада және тұрмыста т.б. жерлерде тиімді қолдана білу.

Негізгі игеруі қажет:

Курсты игеру барысында білім алушылар кәсіптік бағдарды анықтаудан басқа 7-11 сыныптарда өткен:

«Энергияның айналу және сақталу заңдары.

Жылу процесіндегі энергияның сақталу заңы.

Жылу машиналары. Жылу машинасындағы энергияның түрлері, ПӘК-і.

Ауаның ылғалдылығы.

Электр энергиясын өндіру және жеткізу. Электромагниттік толқындардың энергиясы.

Жоғары жиілікті электромагниттік толқындардың биологиялық әсері және олардан қорғану.

Атом ядросы. Ядроның нуклондық моделі.

Ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы.

Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғау.

Ғарыштық сәулелер. Ядролық күштер.

Отынның меншікті жану жылуы.

Жұлдыздар және Күн» тақырыптары бойынша тереңдетілген қосымша мәліметтер алады.

№	Тараулар мен тақырыптардың атаулары	Жалпы сағат саны	Оның ішінде:	
			теория	практ.
1.	Энергетикалық ресурстар туралы түсінік	3	3	-
1.1	Кіріспе	1		
1.2	Энергоресурстардың маңыздылығы	1		
1.3	Энергоресурстардың тұтынылуы және қысқа мерзімділігі	1		
2.	Су энергетикалық қорлары және оларды пайдалану	3	3	-
2.1	Гидроэнергетика	1		
2.2	Қазақстанның су энергетикалық қорлары	1		
2.3	Дүние жүзінің су энергетикалық мүмкінділігі	1		
3	Болашақ энергия көздері	5	4	1

3.1	Күн энергиясын пайдалану Күн батареялары. Фотоэлементтер	1		
3.2	Биогаздың құрылымы және оның жұмыс істеу принципі. Жел энергиясы	1		
3.3	Практикалық жұмыс Жел қозғалтқышының қарапайым моделін жасау	1		
3.4	Сутегі - болашақ энергия көзі	1		
3.5	Жасыл энергетика	1		
4.	Атом энергиясы	3	3	-
4.1	Қазақстанда атомдық энергетиканың даму болашағы	1		
4.2	Атом энергиясы	1		
4.3	Атом электрстанциясы	1		
5.	Қазақстанның энергетикалық шикізат көздері	3	3	-
5.1	Отын-энергетикалық ресурстарының жіктелуі	1		
5.2	Органикалық отындар түрлері және олардың компоненттік құрамы	1		
5.3	Қатты және сұйық отындар сипаттамасы	1		
6.	Ауыр және жеңіл өнеркәсіптің шикізат және энергетикалық базасы	3	3	-
6.1	Ауыр және жеңіл өнеркәсіптің шикізат базасы	1		
6.2	Өнеркәсіп өндірісіндегі жылу үдерістері	1		
6.3	Өнеркәсіп өндірісіндегі энергия түрлері	1		
7.	Энерготехнология негізі	6	3	3
7.1	Отынды қолданудың энерготехникалық жүйесі	1		
7.2	Энерготехнология қондырғысы	1		
7.3	Синтетикалық отынның алынуы. Көмірді газификациялау тәсілі	1		
7.4	Практикалық жұмыс. Технологиялық анализ көрсеткіштері: ауаның ылғалдылығын, ауаның ластануын, ұшқыш заттардың шығуын есептеу.	1		
7.5	Практикалық жұмыс. Отынның құрамы, меншікті жану жылуын анықтау	1		
7.6	Практикалық жұмыс. Отынның физикалық қасиеттерін, тығыздығын, механикалық беріктігін сипаттайтын көрсеткіштерді бағалау	1		
8.	Электроэнергетиканың дамуы	4	3	1
8.1	Энерготұтынудың өсу тенденциясы	1		
8.2	Электростанцияның түрлері және олардың қолданылуы	1		

8.3	Энергетиканың қоршаған ортаға тигізер әсері	1		
8.4	Практикалық жұмыс. Ауаның, судың, топырақтың тәулік барысында ластануының экологиялық құрамын анықтау	1		
9.	Энергоресурстардың айналуы	2	1	1
9.1	Энергоресурстардың электр және жылу энергиясына айналуы	1		
9.2	Практикалық жұмыс. Жылу машинасында энергияның түрленуін бақылау, пайдалы әрекет коэффициентін есептеу	1		
10	Қорытынды	2	1	1
10.1.	Шығармашылық көрме.	1		
10.2.	Сынақ-тест.	1		
	Барлығы:	34		

Қорытынды

Энергетикалық ресурстар туралы түсінік тарауы бойынша білім алушылар:

келешектегі энергетика саласындағы сарқылатын энергоресурстардың орнына экологиялық таза саналатын энергия өндіруші «Жасыл экономиканы» дамыту бойынша нақты мәселелер талқыланады. Осы орайда балама және жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарымен, ресурстар көздерімен таныса отырып, мемлекет экономикасы мен әлеуметтік саладағы энергетикалық ресурстардың маңыздылығы түсіндіріледі.

Су энергетикалық қорлар және оларды пайдалану тарауы бойынша Қазақстандағы өзен мен көлдердің энергетикалық мақсатта қолданылуы және су электр станцияларының түрлері, энергетика қорлары, гидростанциялардың жұмыс істеу принципі және қолдану аясы қарастырылады.

Энерготехнология негізі тарауында энерготехнология жүйесі мен қондырғысын өндіріске енгізу, энергетикалық отындарын үнемдеу мақсатында жасанды отындарды өндіру тәсілдерінің тиімділігі қарастырылады.

Болашақ энергия көздері тарауы бойынша Қазақстанда электр энергиясын тұтыну, электр станцияларының негізгі мақсаты және олардың түрлері мен қоршаған ортаға әсері туралы түсінік беріледі. Жел электростанциялары - әлемнің болашақта негізгі энергия көзі екендігі және отын мен энергияның алуан түрлері жөніндегі елдің

қажетін тұрақты қанағаттандырып отыру және отын-энергетикалық баланстың құрылымын жақсарту жолдары, қатты жанғыш қазбалар сипаттамасы олардың басқа отыннан айырмашылығын санды түрде белгілейтін көрсеткіштер арқылы анықталады.

Қазақстанның энергетикалық шикізат көздері тарауы бойынша отынның сапасын білдіретін көрсеткіштер жинағы арқылы оның термиялық өңдеуге төзімділігін, технологияның процесте қолдануға жарамдылығын анықталады және шығу мерзімін, құрамын, қасиетін, алынатын өнім сапасын болжайды. Отын сапасын сипаттайтын маңызды көрсеткіштері бағаланады, органикалық отындар түрлері және оларды компоненттік құрамы анықталады.

Қазіргі таңда білім беруде іргелі ғылым ретінде жаратылыстану пәндерінің ішінде физика пәніне деген оқушылардың қызығушылығы оянып, техникалық бағыттағы мамандықтарды таңдайтын студенттердің саны артып келеді.

Ұсынылып отырған **«Қазақстандағы балама энергетика»** курсының күрделірек дәрежесі оқылатын теориялық мағлұматтарды берік меңгеруге, өздігінен білім алудың дағдылары мен мәдениетін қалыптастыруға, сонымен қатар білім алушының ойын дамытуға көмектесуге және дамыта оқытуды жүзеге асыруға бағытталған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сарыбеков Б.Қ. Энергетикалық дағдарыс. Алматы: «Білім», 2010 ж.
2. Матвеев Я.Д. Использование атомной энергии – М., 2011 ж.
3. Ветроустановки. Под ред. М.И. Осипова. – М.: Издательство МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2007 г. – 36с.
4. Твайделл Дж. Возобновляемые источники энергии /Дж. Твайделл. - М.: Энергоатомиздат, 2009 г. – 120 с.
5. Р.А. Янсон. Теория идеального горизонтально-осевого ветродвигателя в свободном атмосферном потоке. Учебное пособие по курс «Ветроэнергетика». – М.: Изд-во МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2005 г.– 32 с.
6. Я.И. Шефтер, И.В. Рождественский Изобретателю о ветродвигателях и ветроустановках, 2008 г.
7. П.П. Безруких. Что может дать энергия ветра, 2008 г.
8. В.Д. Левенберг. Энергетические установки без топлива, 2011 г.
9. Подгорный А. Н. Водородная энергетика. - М.: Наука, 2008 г.- 96 стр.

10. Баланчевадзе В. И., Барановский А. И. и др.; Под ред. А. Ф. Дьякова. Энергетика сегодня и завтра - М.: Энергоатомиздат, 2011 г. - 321 с.
11. Более чем достаточно. Оптимистический взгляд на будущее энергетики мира/ Под ред. Р. Кларка: Пер. с англ. - М.: Энергоатомиздат, 2006 г. - 115 с.
12. Бурдаков В.П. Электроэнергия из космоса. - М.: Энергоатомиздат, 2011 г. - 152 с.
13. Атанасян Н. В. Альтернативная энергетика. – 2012 г., 1-19 с.
14. Иванов Ю. Энергетический кризис. //Физика. – 2011 г. - №6. 11-15.стр.
15. Источники энергии. Факты, проблемы, решения. М.: Наука и техника, 2010 г., 64с.
16. Арманжанов О.Д. «Энергетика Казахстана. Условия и механизмы ее устойчивого развития», Алматы: Атамұра. 2008 г.;
17. Самсонов В.С. «Экономика предприятий энергетического комплекса» М.: Высшая школа. 2008 г.;
18. Даутов Н.К «Жел энергиясы» 2012 г., 12-15 б.
19. М.Табетов «Экологиялық дағдарыстар», 2011 ж.
20. Уделл «Күн энергиясы», 2011 ж.
21. П.С. Непорожний, В.Н.Попков «Әлемнің энергетикалық қорлары». 2012 ж.
22. Журнал «Физика және астрономия», 2011 ж., №5, 2012 №3.
23. В.Володин, П. Хазановский «Энергия ХХІ ғасыр», 2009 ж.
24. В. С. Лаврус «Энергия көздері», 2008 ж.
25. Б.М. Берковский, В.А.Кузьминов «Қалпына келтіретін, дәстүрлі емес энергия көздерінің адамдарға қызметі», 2011 ж.
26. Қазақстан Республикасының «Жылу энергетикасы туралы» заңы. 20.05. 2010 жыл.
27. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2013 жыл.

Тематикалық оқу бағдарламасы
«Балама энергия көздерін пайдалану»

Түсініктеме хат

«Балама энергия көздерін пайдалану» бағдарламасы бағдарлы оқытуды негізге ала отырып, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып білім алушыларына арналып жасалынды.

10 - сыныпқа 34 сағат, 11- сыныпқа 34 сағат оқу жоспарының элективтік курс бағдарламасы аптасына 1 сағатқа есептеліп жасалған.

Бағдарлама 34 тақырыптан, үлкен 3 бөлімнен тұрады. Ол бөлімдердің және тақырыптардың аттары мен мазмұндары түсініктемеде көрсетілген. Бұл 3 бөлім жалпы балама энергия көздері туралы мәліметтерді толығымен қамтиды, білім алушыға бұл ғылым туралы жеткілікті мағлұмат бере алады.

Курст беретін білімді ешқандай базалық пәндер беретін білімдермен салыстыруға болмайды. Бұл курсты бітірген білім алушы балама энергия көздерінің не екенін, олармен қалай жұмыс істеу керектігін меңгереді. Білім алушылар физикалық теориялардың заңдылықтары мен құбылыстар меңгерумен қатар, қазіргі замандағы физикалық-технологиялық үдерістермен танысады, еліміздің экономикалық өркендеуі технократтық ілімдердің дамуымен байланысты екендігін біледі.

Мақсаты:

экономикалық проблемаларды игеруге мүмкіндік беретін энергия ресурстарын тиімді пайдалану, қуатты үнемдейтін таза энергия көздерін ұсыну арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Міндеттері:

балама энергия көздерін пайдаланудың физикалық негіздерін ұғындыру;

білім алушылардың ой-өрісін дамыту, олардың өз бетінше білім ала білуін және оны қолдана алуын, физикалық құбылыстарды бақылай алу біліктілігін дамыту;

балама энергия көздерін пайдалану арқылы эксперименттік деректер, ұғымдар, заңдарды техника мен теорияда қолдана білу;

физика мен техникаға деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру;

білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, оқуға деген саналы көзқарасын, білімді жалғастыруға және кәсіптік бағдар алуға дайын болуын қалыптастыру;

физикалық экспериментті өз бетінше жоспарлай және жүргізе алу;

қоршаған ортаға жеке тұлғалық қарым-қатынас пен ақпараттандырылған әлемде бағдар ала білуін қалыптастыру.

Өзектілігі:

қуат жетіспеушілігі мәселесін шешудің бір амалы – қуатты үнемдеу. Қуатты үнемдеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы нағыз балама қуат көздері болып табылады. 2008 жылғы ақпандағы Қазақстан халқына жолдауында Президент Н.Ә.Назарбаев электр қуатын жаппай үнемдеу қажеттілігіне ерекше назар аударып, кәсіпорындарға қуат үнемдейтін және қоршаған ортаға зиянсыз келетін технологияларды өндіруге күш жұмсауларына шақырды. Энергия мен қорларды үнемдейтін технологияларды дамыту барған сайын өзекті мәселеге айналып барады.

Жаңашылдығы:

ел болашағының ертеңі – білімді, физиологиялық жағынан қуатты, жұмысқа қабілетті, өмір сүруге бейім ұрпақ тәрбиелеу. Қуатты үнемдейтін экологиялық таза энергия көзі – жел, күн, су энергиясын пайдалану.

Ерекшелігі:

халық санының жедел өсуі мен ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы қоршаған ортаға экологиялық проблемалар тудырумен қатар энергетикалық ресурстардың тапшылығына әкеліп соқтыруда. Адамдардың материалдық деңгейі, тіпті рухани мәдениетінің өзі энергия шамасына тікелей тәуелді болды.

Жел энергиясының қоры бүкіл планетадағы өзендер гидроэнергиясынан 100 есе асып түседі. Барлық жел двигателінің жұмыс істеу принципі біреу-ақ, онда желдің әсерінен қозғалатын жел доңғалағы қалақшаларының қозғалысы электр энергиясын өндіретін генератордың айналып тұратын бөлігіне беріледі. Табиғаттың жалпы заңдылықтары туралы ғылым – физика мектептегі оқу пәні ретінде балама энергия көздерін пайдалану туралы білімдер жүйесіне өз үлесін қосады. Ол қоғамның экономикалық және мәдени дамуындағы ғылымның рөлін ашуға, қазіргі заманның ғылыми көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Күтілетін нәтиже:

Бұл курсты ойдағыдай бітірген білім алушы балама энергия көздерін пайдаланудың негізгі ұғымдарын толық меңгеріп, олармен жұмыс жасауды еркін орындай алады. Сонымен бірге, «EXPO – 2017» бағдарламасына Қазақстан мемлекетінің қосатын үлесі осы бағдарламамен айқындала түседі. Білім алушының ғылыми жоба қорғауға деген құштарлығы артады. Ауыл шаруашылығында қажеттілігі туындайды.

Жұмыс нәтижелерін практикалық қолдану аясы: алынған нәтижелер орталықтан шалғай ауылдарды, ұсақ кәсіпорындар мен фермаларды және таулы өлкелердегі шаруа қожалықтарын электр энергиясымен жабдықтауда қолданыс таба алады.

Қорыта айтсақ, көмірсутегі қорларының таусылу кезеңінде бұл жел, күн, биогаз энергияларының құндылығы ерекше, бізге табиғаттың берген сыйы десе де болады.

Ұйымдастыру формасы:

топпен жұмыс, лекция, реферат, конференция.

Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша тексеру, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде қарастыруға болады. Тапсырмалардың мұндай түрлері білім алушының іс-әрекеттік немесе компетенттік тәсілге (өз бетінше іздену, өз бетінше білім алу, өзін-өзі білім алуға тәрбиелеу, дамыту) бейімделуіне мүмкіндік береді.

Оқытудың аяқтау формасы:

шығармашылық тест, макет қорғау, сынақ.

Пәнаралық байланыс:

физика, география, биология, химия, технология.

Негізгі компоненттері:

бағдарлама мектептің негізгі сатысындағы білім мазмұнымен – география, биология, химия, технология пәндерімен сабақтастық байланыста, сондай-ақ, төмендегідей талаптар сақталған:

- барлық тақырыптардың бірдей құрылысы;
- тақырыптық мазмұны;
- пәнаралық байланысы;
